

ҚҰРМЕТТІ АТА-АНАЛАР, ОҚУШЫЛАР, ҰСТАЗДАР!

Сіздердің назарларыңызға 2023-2024 оқу жылының қорытындысы бойынша жасалған Alramys School мектебінің есебін ұсынамыз. Жылдық есептен мектебіміздің өткен оқу жылындағы жұмысының негізгі бағыттары, оқу-тәрбие үрдісінде қол жеткізген көрсеткіштері туралы толық ақпарат ала аласыздар.

2023-2024 оқу жылында мектеп ұжымы білім беру қызметінің сапасын жаңа деңгейге көтеріп, жұмысын жетілдіріп отыруға тырысты. Біз жіберілген қателіктер мен орын алған олқылықтарды жан-жақты талдай отырып, жетістіктерімізді мақтан тұтамыз және одан әрі дамуға ұмтыламыз.

Мектебіміздің оқу-тәрбие жұмысын мұқият талдау нәтижесінде дайындалған есеп алдымызда тұрған негізгі мәселелерді және даму перспективаларымызды айқындайды.

Осы оқу жылында мектепке көрсеткен қолдауларыңыз бен ынтымақтастықтарыңыз үшін айтар алғысымыз шексіз. Мектептің жұмысына қызығушылық танытқан тараптар үшін жылдық есеп пайдалы ақпарат береді деген үміттеміз.



"ALPAMYS SCHOOL" ЖШС 2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫ БОЙЫНША ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

МАЗМҰНЫ

I. Мектептің жалпы сипаттамасы

1. БМ оқушылар саны
2. Alpamys мектебінің басқару құрылымы
3. Білім беру ортасының қауіпсіздігі

II. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАР

1. Педагог кадрлардың сапалық құрамы
2. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру
3. Аттестаттау
4. Мұғалімдердің жетістіктері

III. БІЛІМ БЕРУДІҢ МАЗМҰНЫ

1. Білім беру бағдарламалары
2. 2023/24 жылғы үлгерім қорытындысы
3. Қорытынды аттестаттау нәтижелері

IV. ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

1. Әдіскерлердің педагогтармен жеке жұмысы
2. Кәсіптік бағдар беру жұмысы

V. ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ

1. Оқушыларға педагогикалық -психологиялық сүйемелдеуді ұйымдастыру
2. Қосымша білім беру

VI. ҚОРЫТЫНДЫ. ПЕРСПЕКТИВАЛАР

1. МЕКТЕПТІҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

1.1. Толық атауы - "Alpamys school" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

1.2. Заңды мекенжайы: Астана, 010016, Нұра ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 49/2

Телефондары: +7 7172 72 56 56; +7 775 307 06 33; +7 777 177 58 40

Электронды пошта мекенжайы : info@alpamys.edu.kz

Мектеп сайты: [http: https://www.alpamys.edu.kz/](http://https://www.alpamys.edu.kz/)

1.4. Мектептің құрылтайшысы Джаксалыков Дамир Ерболович

1.5. Мектеп өз қызметін құқықтық құжаттар негізінде ұйымдастырады:

- мекеме Жарғысы 2022 жыл, 10 наурыздағы №02/22 бұйрықпен бекітілген

- Білім беру қызметін жүзеге асыру құқығы - 01 маусым 2018 жылдағы тіркеу № KZ18LAA00012002 мерзімі шектелмеген лицензия;

- Мемлекеттік аккредиттеу туралы протокол 31 мамыр 2024 жыл), 2029 жылға дейін жарамды.

Тиісті куәлік пен қолданыстағы лицензия негізінде «Жеке меншік білім беретін мекеме», «Жалпы орта білім беретін мектеп» типті мәртебесіне ие және бастауыш жалпы, негізгі жалпы, орта жалпы білім берудің негізгі білім беру бағдарламаларын іске асырады.

1.6. 2023 жылдан бастап Alpamys мектебі Халықаралық Мектептер Кеңесінің (CIS) мүшесі.

Мектептегі білім беру процесінде 89 кабинет пайдаланылады, оның ішінде

Бастауыш сыныптар	29
физика кабинеті	1
химия кабинеті	1
биология кабинеті	1
математика кабинеті	5
тарих және құқық кабинеті	2
география кабинеті	1
қазақ тілі мен әдебиеті кабинеті	9
орыс тілі мен әдебиеті кабинеті	4
шетел тілі кабинеті	14
информатика кабинеті	5
робототехника кабинеті	4
АӘД	1
Басқа кабинеттер	12

Сынып бөлмелерін (кабинеттерді) жобалау кезінде бір оқушыға 2,5 шаршы метр нормасы сақталған.



Оқу бөлмелері «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен көзделген санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес келеді.

Оқу бағдарламаларының практикалық бөлігін орындау үшін физика, химия, биология пәндері бойынша 3 зертхана бар.

Барлық 89 сыныпта (кабинеттерде) биіктігі бойынша реттелетін екі балаға арналған оқушы үстелдері, орындықтар, үлестірмелі және әдістемелік материалдарды сақтауға арналған шкафтар орналастырылған. Кабинеттер 84 интерактивті панельдермен жабдықталған, оларды пайдалану оқу үдерісіне айтарлықтай әсер етіп, оқу ортасын байытады және оқыту тиімділігін арттырады. Мектеп үй-жайларында ауаны зарарсыздандыру үшін бактерицидтік сәулелендіргіштер орнатылған. Оқу пәндерінің ерекшеліктеріне сәйкес кабинеттер көрнекі құралдармен, кестелермен, стендтермен, оқу-әдістемелік, анықтамалық әдебиеттер жиынтығымен жабдықталған.

Мектептің балансында 239 бірлік компьютерлік техника бар, оның ішінде 213 компьютер мен ноутбук оқу-тәрбие процесінде қолданылады. Мектеп ТОВЖ қосу технологиясымен интернет желісіне қосылған. Қызмет көрсететін компаниямен жасалған шартқа сәйкес деректерді беру жылдамдығы 200 МБ/с қамтамасыз етіледі.

Қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру үшін Microsoft Teams ақпараттық платформасы қолданылады.

Көркем еңбек бойынша бағдарламаларды орындау үшін қызмет көрсететін еңбек шеберханасы және металл өңдеу шеберханасы бар. Үйірме жұмыстарын өткізу үшін қыш шеберханасы, ағаш өңдеу шеберханасы, робототехника мен бағдарламалауды оқыту залы, көпфункционалды ХАБ бар.

Alramys мектебінің әкімшілік құрамы

Директоры: Жакенов Мейрам Амиржанович

Директордың орынбасарлары:

- оқу-тәрбие жұмысы бойынша – Умарова Ольга Ораловна
- даму жөніндегі орынбасары – Иманбекова Эльмира Куатбековна
- ғылыми-әдістемелік ісі жөніндегі – Оспан Рамазан Жаншәріпұлы
- тәрбие ісі жөніндегі – Тен Игорь Александрович
- әкімшілік -шаруашылық бөлім бойынша – Апалькова Нина Васильевна
- білім беру процесінің қауіпсіздігі бойынша – Мустафин Даурен Сапарович.


Alramys School 2018 жылы жеке меншік білім беретін мектеп ретінде ашылды.



ALRAMYS SCHOOL ОҚУШЫЛАР КОНТИНГЕНТІ

Контингент саны: келгендер мен кеткендер саны жыл соңында 838 оқушыны құрады, оның ішінде оқу сатылары бойынша (кестені қараңыз).

Жыл ішіндегі контингент санының динамикасы



Жыл соңына қарай бастауыш буында контингент саны 5 оқушыға өсті. Орта буын мен жоғары буын, сәйкесінше, 16 және 2 оқушыға азайды.

Жалпы мектеп бойынша оқу жылындағы динамика – 13 адам, яғни 86 оқушы кетіп, 73 оқушы келді.

Оның ішінде сыныптар бойынша:

Параллельдер	Келгендер	Кеткендер	Динамика
1 - сыныптар	13	8	+5
2 - сыныптар	11	12	-1
3 - сыныптар	9	8	+1
4 - сыныптар	7	7	-
5 - сыныптар	8	12	-4
6 - сыныптар	8	10	-2
7 - сыныптар	6	8	-2
8 - сыныптар	4	10	-6
9 - сыныптар	5	7	-2
10 - сыныптар	2	3	-1
11- сыныптар	0	1	-1

Оқу орындары	Саны	%
Мемлекеттік жалпы білім беру	40	46%
Жеке сеншік мекемелер	18	21%
ҚР бойынша	13	16%
Шет елдерге	15	17%
барлығы	86	

Кеткендерді талдау нәтижесі, кеткендердің едәуір үлесі мемлекеттік жалпы білім беру оқу орындарына, оның ішінде жаңадан ашылған №96,97 мектептеріне - 46% , "Бином" мектептер желісіне-11 оқушы (28%) тиесілі екенін көрсетеді.

Ұлттық құрам бойынша мәліметтер титулды ұлт өкілдерінің (қазақтардың) - 81%-ға басым екендігін көрсетеді.

Оқу жылының басында сыныптар мен параллельдер бойынша оқушылар динамикасына талдау жүргізілді, бұл 3 жыл бойы сыныптар мен балалардың көбеюіне байланысты мектеп оқушылары санының тұрақты өсуін көрсетті.

Оқушылар контингенті 3 жыл ішінде 477 оқушыға көбейді, бұл мектептің тұрақты имиджін көрсетеді. Оқушылар санының өсуі Alramys School білім беру нәтижелерінің жоғары деңгейін және оқу мен дамуға қолайлы жағдай жасайтын мекеме екенін көрсетеді. Білім алушылардың гендерлік және ұлттық құрамы

	барлығы	қыздар	ұлдар
1- сыныптар	130	43%	57%
2 -сыныптар	182	49%	51%
3- сыныптар	120	49%	51%
4 -сыныптар	88	47%	53%
5 -сыныптар	90	47%	53%
6 -сыныптар	74	53%	47%

7 -сыныптар	49	49%	51%
8 -сыныптар	38	47%	53%
9 -сыныптар	39	33%	67%
10 -сыныптар	15	53%	47%
11- сыныптар	13	46%	54%
Барлығы	838	47%	53%

Көріп отырғандай, гендерлік арақатынас ұлдардың пайдасына– 6% -ға шамалы артықшылыққа ие.

ұлты	саны	%
қазақтар	682	81%
орыстар	82	10%
кәрістер	17	2%
украиндықтар	9	1%
түріктер	9	1%
татарлар	6	1%
белорустар	5	1%
немістер	4	0,5%
өзбектер	4	0,5%
әзірбайжандар	3	0,4%
дунғандар	3	0,4%
ұйғырлар	3	0,4%
қырғыздар	2	0,2%
ингуштар	1	0,1%
албандар	1	0,1%
армяндар	1	0,1%
чехтар	1	0,1%
болгарлар	1	0,1%
курдтар	1	0,1%
поляктар	1	0,1%

Ұлттық құрам бойынша мәліметтер титулды ұлт өкілдерінің (қазақтардың) - 81%-ға басым екендігін көрсетеді.

2. ALPAMYS МЕКТЕБІНІҢ БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

Мектепті басқару ҚР заңнамасына, Alramys School Жарғысына сәйкес жүзеге асырылады. Басқару органдары Қамқоршылық кеңес, еңбек ұжымының жалпы жиналысы, Педагогикалық кеңес, мектеп әкімшілігі болып табылады.

Басқару педагогикалық ұжымның, оқушылар мен ата-аналардың ынтымақтастығы негізінде жүзеге асырылады.

Алқалық басқаруды педагогикалық кеңес пен мектептің Қамқоршылық кеңесі жүзеге асырады. Педагогикалық кеңес Жоғары басқару органы болып табылады, қажет болғанда шағын педагогикалық кеңестер өткізіледі. Педагогикалық кеңестің тақырыптары жыл сайын мектеп қызметінің жаңа оқу жылына жоспарын әзірлеу кезінде белгіленеді. Басқарудың кеңесші органдарына Қамқоршылық кеңес пен Әдістемелік кеңес кіреді.

3. БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ

Мектеп сыртқы және ішкі бейнебақылау жүйесімен жабдықталған. 18 қосалқы шығу есіктері бар. Толығымен абаттандырылған. Кедергісіз мектепке кіруді қамтамасыз ету бойынша барлық талаптар сақталады. Білім беру мекемесін қорғауды күзет қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар жеке күзет ұйымы жүзеге асырады. Бет-әлпетті тану жүйесі бар турниктер арқылы мектепке кіру режимі қолданылады.

Alramys School мен оның аумағын қорғауды ұйымдастыру:

- а) физикалық қауіпсіздік;
- б) бақылау-өткізу режимін қамтамасыз ету;
- в) инженерлік-техникалық жабдықтармен қамтамасыз ету.

Бөгде адамдар мектеп аумағына жеке басын куәландыратын құжатты көрсетіп, келушілердің аты-жөні мен уақытын арнайы журналға тіркегенде ғана кіре алады.

Оқу процесі кезінде мектеп оқушылары сынып жетекшісінің немесе кезекші әкімшілік мүшесінің рұқсатынсыз ғимараттан шыға алмайды.

Күн сайын кезекші әкімгер мектеп аумағының қауіпсіздігін тексереді.

Мектеп ғимараты:

- дабыл түймесімен;
- өрт сөндіру бөлімінің басқару пультіне шығатын өрт дабылы жүйесімен;
- мектептегі және периметрі бойынша бейнебақылау жүйесімен (400-ден астам камера) жабдықталған.



3.1. Азаматтық қорғаныс және өрт қауіпсіздігі бойынша жоспарлы жұмыс.

Әр тоқсан сайын өртке қарсы әрекет ету үшін жаттығу эвакуациялары өткізілді.

Осы іс-шараның оқу мақсаттары:

- 1) оқушылар мен персоналдың төтенше жағдайдағы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған жоспарлардың шынайылығын тексеру;
- 2) Мекемелердегі төтенше жағдайларда басшы құрамның практикалық дағдыларды қалыптастырып, азаматтық қорғаныс шараларын өткізуі;
- 3) оқушылардың теориялық білімдерін бекіту.

Мұғалімдер мен мектеп персоналына АҚ және ТЖ бойынша оқыту жүргізіледі. Оқу жылының басында және соңында, сондай-ақ демалыс алдында, 1-11 сынып жетекшілері оқушылармен жолда жүру ережесі, демалыс кезіндегі тәртіп ережелері бойынша нұсқаулық өткізеді. Сондай-ақ білім беру мекемесінде жарыстарға, театрларға, кинозалдарға және басқа да қоғамдық орындарға барар алдында оқушыларға міндетті нұсқаулық беріледі.

Alramys School-да білім берудің барлық кезеңдерінде оқушылардың жеке қауіпсіздігі мен айналасындағылардың қауіпсіздігі мәселелеріне саналы және жауапты көзқарасын қалыптастыру мақсатында құқықтық жалпыға бірдей оқыту бойынша жұмыс ұйымдастырылып, жүргізіледі.

4. Оқытудың санитарлық-гигиеналық шарттары

Оқытудың оңтайлы жағдайларын жасауға ықпал ететіндіктен, мектепте оқудың тиісті гигиеналық жағдайларын сақтау педагогикалық процестің ажырамас бөлігі болып табылады.

Оқу кабинеттерін жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнаулы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормалары» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына сәйкес нормаларға толық сәйкес келеді.

Мектепте санитарлық-гигиеналық жағдайларға қойылатын негізгі талаптар:

- ауа-жылу режимінің нормалары;
- сыныпты жарықтандыру нормалары;
- мектеп жиһаздары мен жабдықтары;
- күн тәртібінің гигиеналық нормалары;
- мектептегі тамақтану нормалары;
- оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруға қойылатын гигиеналық талаптар сақталады.

Жасанды жарықтандыру флуоресцентті лампалардың көмегімен жүзеге асырылады.

Жасанды жарықтандыруды өлшемдері санитарлық нормалар мен ережелер сәйкес келеді. Білім алушыларға алғашқы білікті медициналық көмек көрсету үшін медициналық пункт жұмыс істейді.

Медициналық пункттің қызметі орта білім беру ұйымдарында медициналық көмек көрсету стандартына сәйкес жүзеге асырылады. Мектеп аймағы бойынша Green Clinic емханасына қарайтын болғандықтан, осы мекеме қызметкерлерімен байланыс жасалады. Green Clinic оқушыларды тексеруден өткізеді, салауатты өмір салты туралы профилактикалық әңгімелер жүргізеді, екпелер жасайды.

Білім алушыларға психологиялық қолдау көрсету мақсатында 2 педагог-психолог кабинеті жұмыс жасайды. 2023-2024 оқу жылында оқушыларға арналған «Мықты «Менге» жол», «Нені білу керек?», ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК жадынамасы әзірленді.

Мектептің оқу үдерісіне қатысушылардың психологиялық қауіпсіздігі білім беру ортасының психологиялық қауіпсіздігін бұзудың алдын алу мақсатында жеке тұлғаны жағымсыз әсерлерден қорғауға, ықтимал қауіптерді болжауға, жеке және сенімдік қатынастарға бағытталған.

Мектеп қызметкерлері оқушылардың денсаулығын сақтау мен нығайтуда мамандардың (әкімшілік, мұғалімдер, медицина қызметкерлері, практикалық психологтар) өзара әрекетін қамтамасыз етуді басты міндеттерінің бірі ретінде көреді. 2024 жылы мектептің медициналық қызметі медициналық қызметке рұқсат алып, лицензиялау процедурасынан сәтті өтті. Лицензия мектептің жоғары сапалы және қауіпсіз медициналық көмек көрсетуге деген ұмтылысын растайды.

2024-2025 оқу жылына арналған міндеттер:

- 1) барлық санаттағы қызметкерлер мен білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, терроризмге қарсы іс-қимыл, азаматтық қорғаныс міндеттерінің орындалуы, құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету және қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі талаптар бойынша жұмысты жалғастыру;
- 2) Қызметкерлер мен оқушылардың өміріне, денсаулығына қауіп төндіретін барлық фактілерге сақтықпен қарау, қоғамдық және жеке қауіпсіздік талаптарын орындау жөнінде тәрбие және түсіндіру қызметін жүргізу.
- 3) ТЖ туындаған жағдайдағы іс-әрекеттер бойынша педагогикалық құраммен және білім алушылармен іс-шараларды (сабақтарды, жаттығуларды) жоспарлау және өткізу жөніндегі жұмысты жалғастыру ;
- 4) жол қозғалысы ережелері жөнінде сабақтар өткізу үшін Астана МАИ қызметкерлерін тарту.

II. МҰҒАЛІМДЕР ҚҰРАМЫ

Білім берудің сапасы мен тиімділігі көп жағдайда педагогикалық ұжымның кәсіби ерекшеліктеріне, олардың біліктілігіне, жинақтаған тәжірибесі мен жаңалықтарды қабылдауға дайындығына байланысты.

2023-2024 оқу жылында мектепте 76 пән мұғалімі жұмыс істеді:

- педагог- тағылымдамашы – 3-3,7%
- педагог – 18-23,6%
- педагог-модератор – 21-27,6%
- педагог-сарапшы – 10 – 13,1%
- педагог -зерттеуші – 16 – 21%
- педагог-шебер – 2- 2,5%
- жоғары санатты – 3- 3,9%
- бірінші санатты- 1- 1,3%
- екінші санатты – 1- 1,3%
- санатсыз - 1- 1,3%
- шетелдік мұғалімдер – 3 - 3,7%
- магистрлер – 21-26,5%



Бастауыш білім беру деңгейіндегі жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің жалпы санынан үлесі

(бастауыш мектеп мұғалімдерінің саны 29, оның ішінде: педагог-шебер-1, педагог-зерттеуші-8, педагог-сарапшы-6, бірінші санат-1-16). Бұл педагогикалық құрамның жалпы санының 55,1% құрайды және «өте жақсы» деп бағаланады;


Негізгі орта, жалпы орта білім беру педагогтерінің жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің жалпы санынан үлесі (орта. жалпы орта білім беру мұғалімдері 47, оның ішінде: педагог-шебер-1, педагог-зерттеуші-8, жоғары санатты-3, педагог-сарапшы- 5-17). Бұл педагогикалық құрамның жалпы санының 36,1% құрайды және «орташа» көрсеткіш ретінде бағаланады. Негізгі орта және жалпы орта білім беру мұғалімдерінің жалпы санынан педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, магистр-педагогтардың үлесін 45%-ға дейін ұлғайту керек;

2. МҰҒАЛІМДЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ

Білім беру жүйесінің сапасы онда жұмыс істейтін мұғалімдердің сапасынан жоғары болуы мүмкін емес.

Қазіргі жағдайда жұмыс істейтін мұғалім педагогика ғылымының қазіргі тенденциялары туралы жеткілікті ақпаратқа ие болуы керек, әртүрлі конкурстарға, шеберлік сыныптарына қатысып, өзін - өзі жетілдірумен айналысуы қажет. Ғылыми-әдістемелік жұмыстың маңызды бағыты- біліктілікті арттыру курстық жүйесі арқылы мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін үнемі жетілдіру, семинарларға, педагогикалық конференцияларға қатысу және мектеп педагогтарын жоғары біліктілік санаттарына аттестаттауға ынталандыру болып табылады. 2023-2024 оқу жылы «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 3 мамырдағы Заңына енгізілген өзгерістерге сәйкес 7-баптың 12-тармағына сай педагогтер үш жылда бір рет біліктілігін арттыруы тиіс. 2023-2024 оқу жылында келесі педагогтар біліктілікті арттыру курстарынан өтті.

2023-2024 оқу жылында 44 педагог біліктілікті арттыру курстарынан өтті:



- «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ» – 26 адам
- НЗМ Педагогикалық шеберлік орталығы – 4
- Daryn Onlain платформасы – 6
- «Zerdeli» ақыл-ой дамыту орталығы – 3
- Павлодар қ. ПШО – 4
- «Ұлағат» орталығы - 1

3. АТТЕСТАТТАУ-2024

Аттестаттау – педагог қызметкерлердің кәсіби және жеке өсуін ынталандыратын білім сапасын басқару құралы болып табылады. Аттестаттау педагог қызметкерлердің кәсіби қызметін бағалау негізінде олардың атқаратын лауазымдарына сәйкестігін растау мақсатында жүргізіледі, педагогтердің біліктілігін арттыру қажеттілігін анықтайды, педагогтердің әлеуетті мүмкіндіктерін пайдалану перспективаларын айқындайды. Ағымдағы оқу жылында 14

мұғалім қала деңгейінде және 11 мұғалім мектеп деңгейінде аттестаттаудан өтті. Оның ішінде «педагог-зерттеушіге» – 8 педагог, «педагог-сарапшыға» - 3 педагог, «педагог-модераторға» - 11 педагог:

Пед.шеберлік деңгейі	саны	растау	тағайындау	барлығы
модератор	11	1	10	11
сарапшы	3	1	2	3
зерттеуші	11	8	3	11
Барлығы	25	10	15	25

4. МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ЖЕТІСТІКТЕРІ



Республикалық олимпиадалар мен конкурстар педагог қызметкерлердің ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға, олардың кәсіби деңгейі мен педагогикалық шеберлігін арттыруға, шығармашылық әлеуетін дамытуға және мұғалімдердің жаңашыл тәжірибесін таратуға ықпал етеді.

16 мұғалім «Педстарт» олимпиадасына қатысты: 1 орын-2, 2 орын-10, 3 орын-4 мұғалім алды.

Идеялар панорамасы фестивалі:

Зайцева Светлана Анатольевна, бастауыш сынып мұғалімі, жүлделі 1 орын;

Ордабекова Ақерке Бауыржанқызы, қазақ тілі мұғалімі, 2 орын;

Құрманғалиева Райхан Негметолаевна, бастауыш сынып мұғалімі, Құрмет грамотасы;

Сурамбаева Шолпан Амангелдіқызы, қазақ тілі мұғалімі, Құрмет грамотасы.

Математика пәнінің мұғалімі Шакенов Ерболат Оразбаевич «Математикалық регата» математика мұғалімдеріне арналған байқауда Құрмет грамотасымен марапатталды;

Робототехника, бағдарламалау және инновациялық технологиялардың «Roboland» VIII Халықаралық фестивалінде III дәрежелі ДИПЛОМ иеленгендер:

Назиденов Серік Назриденович, Надирбеков Әзілхан Болатович, Сулейменов Амирхан Канатбекович.

Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» ұйымдастырған қалалық эссе байқауында: Кабденова Алия Куандықовна, Кайжахметова Аяулым Талгатовна;

Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған республикалық «Алтын тұғыр» олимпиадасы I дәрежелі диплом Ильясова Анар Аманжоловна ие болды;

«Біздің айналамыздағы Математика» элективті курсының бағдарламасы қалалық деңгейде таратуға ұсыныс алды. Қалалық оқу-әдістемелік сараптамалық кеңес бағдарламаның жоғары сапасы мен Светлана Анатольевна Зайцеваның жұмысының маңыздылығын ерекше атап өтті.

«Үздік авторлық бағдарлама» республикалық конкурсы бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған конкурс ІІ ДӘРЕЖЕЛІ ДИПЛОМ Омарова Сауле Кабдрахимовна, республикалық «Алтын тұғыр» олимпиадасы ІІ ДӘРЕЖЕЛІ ДИПЛОМ Омарова Сауле Кабдрахимовна, Курманғалиева Райхан Негметолаевна жеңіп алды. Орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері арасында өткен «Шығармашыл мұғалім» қалалық байқауы ІІ дәрежелі дипломмен Кусаинова Магдалина Мухамедкаримовна марапатталды.

5. ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

Оқушылардың арасында олимпиада жеңімпаздарының болуы біздің мұғалімдердің кәсіби шеберлігін көрсетеді. Оқушылардың зияткерлік дамуына бағытталған көптеген жұмыс тәсілдерінің ішінде пәндік олимпиадалар мен ғылыми жоба конкурстары ерекше орын алады. 2023-2024 оқу жылында осы бағыттағы жұмыс динамикасы байқалады:

Барлық жүлдегерлер мен жеңімпаздар: 185, олардың ішінде:

1. аудандық деңгей-52: сертификат - 20, 1 орын-2, 2 орын-9, 3 орын - 12, грамота - 9;
2. қалалық деңгей 106: сертификат-33, 1 орын-12, 2 орын-22, 3 орын-17, грамота-22,
3. республикалық деңгей-17: сертификат-3,1 орын-1, 2 орын-3, 3 орын-7, грамота-3;
4. халықаралық деңгей-10: 2 орын-2, 3 орын-2, сертификаттар-6

Дарынды оқушыларды анықтау, математикалық сауаттылықты арттыру және ғылым негіздері бойынша білімдерін тереңдету мақсатында оқушылар жыл сайын «Кенгуру-Барлығына арналған математика» зияткерлік байқауына қатысады. Биылғы жылы 166 бастауыш сынып оқушысы байқауға қатысты. Оның ішінде: 1 орынды-18, 2 орынды-77, 3 орынды-63, сертификатты-8 оқушы иеленді.

«Ақбота» олимпиадасы оқушыларды гуманитарлық пәндерді тереңірек зерттеуге ынталандыруға, тарих, әдебиет, әлеуметтік ғылымдар, тіл білімі сияқты пәндерге деген қызығушылығын арттыру мақсатында өткізіледі. Ағымдағы оқу жылында олимпиадаға барлығы 110 оқушы қатысты. Оның ішінде: 1 орын-43, 2 орын-31, 3 орын-36

ІІІ. БІЛІМ МАЗМҰНЫ



2023-24 оқу жылында жұмыс оқу жоспарлары ҚР Оқу-ағарту министрінің нормативтік актілеріне сәйкес әзірленді.

ОЖЖ-ның өзгермелі бөлігі оқушылардың жеке қажеттіліктерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді ОЖЖ-ның вариативті бөлігі: мемлекеттік тілде оқытатын 1-4 сыныптарда «Логика әлемі», орыс тілінде оқытатын 2 сыныптарда

«Логика», 5-11 сыныптарда «Жаһандық құзыреттілік», 10-11 сыныптарда «Математикалық сауаттылық» пәндерін қамтиды.

Мектепте қосымша оқыту жүйесі арқылы білім сапасын қамтамасыз етуге жағдай жасалған. Қосымша білім берудің басым бағыттары – математика, ағылшын тілі және дене шынықтыру-сауықтыру, қозғалыс сабақтары. 10-11 сыныптарда бейіндік білім беруді табысты жүзеге асыру үшін физика, химия, биология, география, математика сияқты таңдау пәндері енгізілді.

«Aratus» мектебінде оқушылардың зияткерлік, рухани-адамгершілік, дене шынықтыру және кәсіби дамуы бойынша білім беру қажеттіліктерін толық қанағаттандыру мақсатында қосымша қызметтер көрсетіледі.

Қосымша білім беру пәндерінің тізбесі:

	1 каз	1 ор ыс	2 к аз	2 ор ыс	3 к аз	3 ор ыс	4 к аз	4 ор ыс	5 каз	5 ор ыс	6 каз	6 ор ыс	7 каз	7 ор ыс	8 каз	8 ор ыс	9 к аз	9 ор ыс	10 ор ыс	11 ор ыс
МЖМБС	1 9, 5	2 0, 5	2 4	2 4	2 6	2 6	2 6	2 7	2 8, 5	2 9, 5	2 8, 5	2 9, 5	3 1, 5	3 2, 5	3 2, 5	3 3, 5	3 4	3 5	3 6	3 6
100% қамтылған міндетті пәндер																				
тіл дамыту	2, 5																			
тіл дамыту		1, 5																		
сыныптан тыс оқу	1	1																		
жылдам оқу	1	1	1	1	1	1	1													
матем. (Петерс)	3	3	3	3	2	2	3	2	3	2	3	2	1, 5	0, 5	1, 5	0, 5	2	1		
логика	1	1						1												
english (phonics)	4	4	3	3	3	3	2	2	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1
Singapore Math	1	1	1	1																
Singapore science	1	1	1	1	1	1	1	1												
speaking	1	1	1	1	1	1	2	2	2	2	2	2	1	1	1	1	1	1	1	1
қытай тілі			1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1
робототехника									2	2	2	2	2	2	1	1				
хореография	1	1	1	1	1	1	1	1												
домбыра									0, 5	0, 5	0, 5	0, 5								
Таңдау бойынша:																				
шахмат/робототехника	2	2	2	2	2	2	2	2												
футбол/баскетбол/волейбол/карате/гимнастика	2	2	2	2	2	2	1	1												
футбол/баскетбол/волейбол/би студиясы/шахмат									2	2	2	2	2	2	2	2	1	1	1	-

1. 2023/24 жылдың үлгерім қорытындысы


1-сынып оқушыларына баға қойылмайды және жыл қорытындысы бойынша аттестатталмайды.

3 жылдағы оқыту сапасы:

	2021/22 жыл	2022/23 жыл	2023/24 жыл
Оқу сатысы			
2-4 сыныптар	83,9%	78,9%	85,6%
5-9 сыныптар	60,6%	60,9%	58,3%
10-11 сыныптар		64,3%	64,3%
Мектеп бойынша	73,5%	71,0%	73,6%

3 оқу жылында білім сапасы тұрақты және 70-74% деңгейінде сақталған.

Жақсы оқытындар мен үздіктер үлесінің арақатынасы:



Мектеп бойынша және параллельдер бойынша білім сапасының көрсеткіштері келесідей:

параллельдер	БС, %
2 -сыныптар	89
3 -сыныптар	87
4 -сыныптар	78
5 -сыныптар	60
6 -сыныптар	72
7 -сыныптар	53
8 -сыныптар	50
9 -сыныптар	44
10- сыныптар	47
11 -сыныптар	85
Мектеп бойынша	73,6%

2,3,4,5,6,7,8,11- сыныптарда білім сапасы оқытудың жеткілікті және жоғары деңгейіне сәйкес келеді, ал 9,10 - сыныптарда білім сапасы жеткілікті және сыни деңгейлерге жақын.

Сыныптар бойынша рұқсат етілген және сыни деңгейлерге сәйкес келетін оқыту көрсеткіштері

Білім сапасының көрсеткіші төмен сыныптар (<35%)	БС, %
8F	33%
9A	31%
7F	16%

ТҮЙІНДІ МӘСЕЛЕЛЕР:


Нашар үлгерімнің негізгі себебі – түрлі себептермен сабаққа қатыспау. Бір жыл ішінде мектеп оқушыларының айтарлықтай бөлігі өтініш бойынша сабаққа қатыспаған. Сондай-ақ, сынып жетекшілерінің оқушылардың үлгерімін бақылау түріндегі профилактикалық жұмысының жеткіліксіздігінен, пән мұғалімдері мен сынып жетекшілерінің тоқсан және жыл бойы өзара тығыз қарым-қатынасының болмауы оқу үлгерімінің төмендеуіне жол берді. Бұл жағдай оқу процесі барысында түрлі оқиғалардың алдын алуға және ата-аналармен жанжалды жағдайларды болдырмауға кедергі келтірді.

Мұғалімдер мен ата-аналардың арасында туындаған кикілжіңнің негізі - ата-аналардың мұғалімнің балаларды оқытуы мен тәрбиелеуіне және балаға деген көзқарасына қанағаттанбауы.


Ата-аналармен кері байланысқа көп көңіл бөлінбеді. Электронды журналдағы ЖБ ұпайлары, бағалар, түсініктемелер сияқты ата-анаға қажет ақпараттар толық емес.

ШЕШУ ЖОЛДАРЫ: репорт жүйесін қолдану ұсынылады, бұл бала білімінің академиялық және әлеуметтік аспектілерін көрсететін кесте. Мұғалімдер ата-анаға әр түрлі пәндер бойынша үлгерімі, сабаққа кешігуі, келмеуі туралы кері байланыс береді. Репорттар айына және тоқсанына бір рет жасалады және уақыт өте келе, ата-ана баланың динамикалық өзгерістерін көре алады. Ата-аналар мұғалімге белгілі бір уақыт пен күнге алдын-ала жазылатын «Ата-аналар каруселі» форматын қолдану- оқу процесіндегі келеңсіз жағдайларды азайтуға мүмкіндік береді.

ҚТБ пәндері бойынша білім сапасы,%



Жаратылыстану-математикалық бағыт пәндері бойынша білім сапасы,%



Пәндер бойынша ОТЖ тиімділігі салыстырмалы диаграммада көрсетілген.

Пәндер бойынша ОТЖ көрсеткіші оқушылардың барлық пәндер бойынша пәндік жетістіктері оқудың оңтайлы және жоғары деңгейіне сәйкес келетіндігін көрсетеді.

Қорытынды аттестаттау

Ағымдағы оқу жылында негізгі орта білім беру курсы 9 А, F, G сыныптарының 39 түлегі және 11 F сыныбының 13 түлегі аяқтады.

Қорытынды аттестаттау қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларына сәйкес өткізілді (БҒМ № 125 бұйрығы)

	9А	9F	9G	11F
Барлығы	13	13	13	13
ҚА тапсырды	13	13	13	12
Босатылды	-	-	-	1

11F сыныбының 1 түлегі (Асқар Бақтияр) Білім бөлімінің бұйрығымен жақын туысының қайтыс болуына байланысты ҚА тапсырудан босатылды.

Қорытынды аттестаттау форматы бойынша 9-сынып бітірушілері 3 міндетті пәнді (Т1 оқыту тілі, алгебра, Т2 тіл) және 1 таңдау пәнін тапсырады. 11 сыныпта 4 міндетті пән (оқыту тілі Т1, алгебра, Т2 тіл, Қазақстан тарихы) және 1 таңдау пәні болды.


4 пән бойынша таңдау

пән	9 сынып оқушылары саны	11 сынып оқушылары саны
Ағылшын тілі	19	5
География	14	4
Биология	2	1
Орыс әдебиеті	1	
Геометрия	1	
Физика	1	1
Дүниежүзі тарихы	1	
информатика		1

Ең көп таңдалған ағылшын тілі мен география пәндері болды.

9 және 11 сыныптардағы қорытынды білім сапасы

	барлығы	үздіктер	Озат оқитындар	Үлгерімі төмендер	БС
9А	13	3	1	9	31%
9F	13	1	4	8	39%
9G	13	-	8	5	61%
Барлық 9 сыныптар	39	4	13	22	44%
11F	13	3	8	2	85%



Пәндер бөлінісінде

Пәндер	9А сыныбы			9F сыныбы			9G сыныбы			Барлық 9 сыныптар			11F сыныбы		
	жылд	емг	қорыт	жылд	емг	қорыт	жылд	емг	қорыт	жылд	емг	қорыт	жылд	емг	қорыт
Қазақ тілі	92%	85%	92%							92%	85%	92%			
Қазақ тілі мен әдебиеті				92%	92%	92%	77%	85%	77%	85%	89%	85%	85%	92%	85%
Орыс тілі				85%	100%	85%	92%	100%	92%	89%	100%	89%	100%	100%	100%
Орыс тілі мен әдебиеті	92%	100%	92%							92%	100%	92%			
Ағылшын тілі	54%	57%	54%	85%	75%	85%	77%	75%	77%	72%	69%	72%	100%	100%	100%
Алгебра (және анализ бастамалары)	54%	54%	54%	62%	31%	38%	85%	62%	69%	67%	49%	54%	92%	85%	85%
Геометрия	38%	100%	38%	69%		69%	92%		92%	66%	100%	66%	92%		92%
Физика	38%	100%	38%	46%		46%	69%		69%	51%	100%	51%	92%	100%	92%
Химия	92%		92%	85%		85%	100%		100%	92%		92%	100%		100%
География	92%	75%	92%	92%	80%	92%	92%	80%	92%	92%	78%	92%	100%	100%	100%
Биология	85%		85%	92%		92%	85%	100%	85%	87%	100%	87%	85%	100%	85%
Информатика	100%		100%	100%		100%	100%		100%	100%		100%	100%	100%	100%
Дүниежүзі тарихы	100%		100%	100%		100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%		100%
Қазақстан тарихы	92%		92%	100%		100%	100%		100%	97%		97%	100%	100%	100%

9-сыныптағы міндетті пәндер бойынша емтихан нәтижелері алгебра пәні бойынша жылдық бағадан 18% - ға, қазақ тілі 7% - ға және 11 сыныпта алгебра пәні бойынша 7% - ға төмен екенін атап өткен жөн. Бұл оқушыларды емтиханға дайындаудағы жүйеліліктің жоқтығын және сынақ емтихандарының нәтижелері бойынша қатемен жұмыстың болмағанын көрсетеді. Оқушылардың түстен кейінгі кеңес беру сабақтарына қатыспауы және сынып жетекшілерінің сабаққа қатысуды бақылауының аздығы да себеп болып отырғаны байқалды.

2023/24 оқу жылында А. Бақытжан, А. Бақытбек (екеуі де 9А) және К. Чуваковаға (11F сыныбынан) қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша ҚР БҒМ №125 бұйрығына сәйкес үздік аттестаттар табысталды.

Аралық аттестаттау:

Ағымдағы оқу жылында білім алушылардың бағдарлама мазмұнын меңгеруін бағалау және қазақ тілі бойынша оқу мен жазудың сауаттылық деңгейін анықтау мақсатында 5-8 және 10 сыныптарда қазақ тілі пәнінен емтихан өткізілді.

Оқушылардың тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым сияқты дағдылары бағаланды. Емтихан тапсырмаларын педагогтар академиялық адалдық қағидаттарын сақтай отырып өздігінен құрастырды.

Аралық аттестаттау нәтижелері:

0-11 балл – білімнің төмен деңгейі

12-18 балл – білімнің орта деңгейі

19-24 балл – білімнің жақсы деңгейі

25-30 балл – білімнің жоғары деңгейі



	жылдық	емтихан	айырмашылық
5 А	77%	92%	15%
5 F	68%	45%	-23%
5 G	79%	68%	-11%
5 H	89%	78%	-11%
5 I	81%	62%	-19%
6 А	89%	67%	-22%
6 F	73%	50%	-23%
6 G	91%	68%	-23%
6 H	54%	36%	-18%
7A	80%	60%	-20%
7F	72%	53%	-19%
7G	100%	100%	0%

8A	100%	90%	-10%
8F	67%	67%	0%
8G	69%	63%	-6%
10F	53%	20%	-33%

7G және 8F бойынша білім сапасының көрсеткіштері жылдық және емтихан бағаларына сәйкес келеді.

5 А сыныбынан басқа 5F, 5I, 6A, 6F, 6G, 6N, 7A, 7F, 10F сыныптарында жылдық және емтихан бағалары арасында айтарлықтай сәйкессіздіктер бар.

ҚОРЫТЫНДЫ:

Мектептің материалдық-техникалық базасын жақсартуда, жарақтандыруда жүйелі динамика байқалады.

Мектеп оқу бағдарламалары мен білім беру стандартының орындалуын және қосымша білім беру қызметтерінің кең спектрін қамтамасыз етеді. Оқушылар контингенті 3 жыл ішінде 477 оқушыға көбейді, бұл мектептің тұрақты имиджін көрсетеді.

156 оқушы мемлекеттік тілде білім алады. Мемлекеттік тілде оқитын оқушылардың үлесі контингенттің жалпы санының тек 19% -ын құрайды.

2022-2023 оқу жылында алғаш рет 10-сыныпқа оқушылар қабылданды. Сонымен қатар, 7-10 сынып оқушыларының басқа мектептерге кетуі байқалады. Әрбір баланың кету себептері дер кезінде талданғанымен, кетудің алдын алу жұмысы қанағаттанарлық болмады.

3 жыл ішінде мектеп бойынша білім сапасы орта есеппен 72,8%-ды, үлгерімі -100% -ды құрайды. Сонымен бірге, оқушылардың бастапқы буыннан орта буынға ауысуы кезінде білім сапасы күрт төмендейтіні байқалады, яғни оқу кезеңдері арасындағы сабақтастықта жүйелілік жоқ.

Білім беру бағдарламаларының жүзеге асырылуы мен мемлекеттік білім стандартының сақталуын қадағалау мектеп әкімшілігінің тұрақты бақылауында. Сынып журналдары мен БЖБ, ТЖБ нормаларының сақталуын бақылау жүзеге асырылады. Сонымен қатар, оқушыларды бағалау жүйесі объективті емес болып көрінеді, өйткені әкімшілік бақылау жұмыстарында алынған бағалар мен тоқсандық бағалауларда сәйкессіздіктер бар.

2024-2025 оқу жылына арналған міндеттер

- Әкімшілік оқушыларды мемлекеттік тілде оқытатын сыныптарға тарту бойынша жұмысты жандандырсын.
- Пән мұғалімдері 7-10 сынып оқушыларының білім беру дайындығын жақсарту бойынша шаралар қабылдасын.
- Пән мұғалімдері оқу кезеңдері арасындағы сабақтастық бағдарламасын жүйелі түрде жүзеге асыруы қажет. Үздік білім нәтижесін көрсеткен оқушылардың үлгерімі ерекше бақылауда ұсталсын. Үлгерімі төмен оқушылардың білім олқылықтарын толтыру үшін дер кезінде қажетті қолдау көрсетілсін.
- Директордың орынбасарлары пән мұғалімдерімен, сынып жетекшілерімен оқушылардың білім сапасын, пәнге деген ынтасын арттыру мақсатында оқу материалын қабылдаудың психологиялық жас ерекшеліктеріне байланысты семинар, тағы басқа оқыту түрлерін қолдансын.

- Сабақ үлгерімін бақылауды қамтамасыз ету үшін сынып жетекшілері ата-аналармен жұмыс барысында қарым-қатынас пен кері байланыстың әртүрлі формаларын пайдалансын.
- Директордың орынбасарлары ғылыми білімді зияткерлік марафондар, пәндік апталықтар, олимпиадалар арқылы насихаттау түрлерін қолдансын.
- Сынып жетекшілері тоқсан ішінде оқу үлгерімі бойынша оқушылармен профилактикалық жұмыс жүргізісін, әр тоқсан аяқталғаннан кейін үздік оқушылар мен озат оқушылар контингентін сақтау және жекелеген оқушылардың академиялық қарыздарын болдырмау мақсатында оқушылардың үлгеріміне алдын ала талдау жүргізісін.

IV. ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ



Мектеп жұмысының бүкіл жүйесін біртұтас жағдайға байланыстыратын мұғалімдердің шеберлігін арттырудың маңызды құралы – әдістемелік жұмыс болып табылады.

Қазіргі жағдайда оқыту мен тәрбиелеудің жаңа әдістерін, тәсілдері мен формаларын ұтымды және жедел қолдану қажеттілігіне байланысты әдістемелік жұмыстың рөлі айтарлықтай артып келеді.

Педагогикалық ұжымның жұмыс жасаған әдістемелік тақырыбы: "Білім беру сапасын арттырудың маңызды шарты ретінде сабақтарда оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру және дамыту". Әдістемелік жұмыстың мақсаты білім берудің түбегейлі жаңа сапасына және оқу процесінің тұрақты оң нәтижелеріне қол жеткізу үшін мұғалімнің кәсіби шеберлігі мен оның жеке мәдениетін арттыру болды.

Міндеттері:

- Педагогтарды білім берудің жаңа сапасына қол жеткізу құралы ретінде педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктерімен, инновациялық педагогикалық технологиялармен және әдістемелермен таныстыру.
- Педагогикалық шығармашылықты дамыту және педагог кадрлардың өзіндік бастамасын жүзеге асыру мақсатында педагогтармен әдістемелік жұмыс жүйесін ұйымдастыру.
- Өзін-өзі жетілдіру, біліктілікті арттыру курстарынан өту тақырыптары бойынша жұмыс барысында мектеп педагогтерінің кәсіби құзыреттілігінің өсуін қамтамасыз ету.
- Өзінің педагогикалық қызметін талдаудың және анықталған мәселелерді шешу жолдарын анықтаудың негізі ретінде педагогтардың рефлексиялық қызметке қабілеттілігін қалыптастыру.
- Оқыту мен тәрбиелеудің озық педагогикалық тәжірибесін анықтау, олармен бөлісу және тарату.

- Ынтасы төмен білім алушыларға психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыру тәсілдерін меңгеру.
- Жас мамандармен жұмысты ұйымдастыру: жас мұғалімдер мектебінің құрамы, менторларды анықтау, жас мұғалімдермен жұмыс істеу бойынша жеке жоспарлар.

Мектептегі әдістемелік жұмыстың сапасын арттыру мақсатында және «ALPAMYS SCHOOL педагогикалық қызметкерлерінің әдістемелік бірлестіктері туралы Үлгі ережеге» сәйкес 2023-2024 оқу жылында пән мұғалімдерінің келесі әдістемелік бірлестіктері жұмыс істеді:

- Булатов Данияр Ардакович - жаратылыстану-математикалық пәндер циклі мұғалімдерінің ӘБ жетекшісі;
- Чукреева Елена Леонидовна - бастауыш сынып мұғалімдерінің ӘБ жетекшісі (2-3 сыныптар);
- Зайцева Светлана Анатольевна – бастауыш сынып мұғалімдерінің ӘБ жетекшісі (1,4 сынып);
- Ботаева Аянгул Бозтаевна – қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің жетекшісі;
- Қожахметова Айнела Аманқосқызы – ағылшын тілі мұғалімдерінің жетекшісі;
- Турчак Наталья Леонидовна – жалпы даму циклі пәндері мұғалімдерінің жетекшісі;
- Кусаинова Магдалина Мухамедкаримовна – орыс тілі және қоғамдық пәндер ӘБ жетекшісі;
- Байпеисова Гаухар Ертесовна – оқушылардың ғылыми қоғамының үйлестірушісі.

Пәндік онкүндіктер - оқушылардың оқуға қызығушылығын арттырудың құралы. Жыл сайын кез-келген цикл пәндерін оқуға ынталандыру, кәсіби құзыреттілікті, қызығушылықты арттыру мақсатында өткізіледі. Онкүндік шеңберіндегі іс-шаралар оқушылардың шығармашылық қабілеттерін ашу, дарынды және талантты балаларды анықтау және интеллектуалды дамуға қолдау көрсету үшін қосымша жағдайлар жасауға мүмкіндік береді. Бұл оқушылардың ауқымды және қызықты сайысы болып табылады, жаппай білім беруді әр баланың жеке ерекшеліктеріне қарай бейімдеуге мүмкіндік береді, оқушылардың мүмкіндіктерін ғана емес, сонымен қатар мұғалімдердің қабілеттерінің артқанын, олардың шығармашылығын, шеберлігі мен кәсіби жетілгендігін көрсетеді. Онкүндіктің басты ерекшелігі - ол барлық қатысушылардың өзін көрсетуіне, өз білімін растауына, өзін-өзі дамытуға, рухани және шығармашылық өсуіне мүмкіндік беретін бірегей коммуникативті жүйе ретінде әрекет етеді. 2023-2024 оқу жылындағы барлық пәндік онкүндіктер бекітілген кестеге сәйкес мерзімде өткізілді:

2023-2024 оқу жылына арналған пәндік онкүндіктерді өткізу мерзімдері:

№	ӘБ	Мерзімі
1.	Үштілділік	11-22 қыркүйек
2.	Жаратылыстану-математикалық пәндер циклі	13-24 қараша
3	Қазақ тілі	4-15 желтоқсан
4.	Магистрлер	15-22 қаңтар
5	Бастауыш сыныптар (1,4 классы)	22-31 қаңтар
6.	Ағылшын тілі	5-15 ақпан
7.	Тіл циклінің пәндері және тарих	8-18 сәуір
8.	Бастауыш сыныптар (2-3 классы)	15-26 сәуір
9.	Жалпы дамыту пәндері	22-30 сәуір

Пәндік онкүндіктерді өткізу – бұл оқушылар үшін ойын немесе сергіту сәті емес, сонымен қатар оқытудың негізгі курсымен байланысты, оны толықтыратын және тереңдететін, сол арқылы оқушылардың білім деңгейін арттыратын, олардың дамуына ықпал ететін, ой-өрісін кеңейтетін оқытуды ұйымдастырудың бір түрі. Онкүндіктің қорытындысы бойынша ашық сабақтар, іс-шаралар талқыланды, жағымды жақтары атап өтілді және ұсыныстар берілді.

Әдіскерлердің мұғалімдермен жеке жұмысы

1. Жаңадан келген мұғалімдердің сабақтарына қатысу

2023 жылдың қараша-желтоқсан айларында жаңадан келген мұғалімдердің сабақтарына қатысты.

Тексеру мақсаты: жаңадан келген мұғалімдердің педагогикалық қызметінің кәсіби-әдістемелік деңгейін зерделеу.

Сабақтарға қатысты:

Мерзімі	Мұғалім	Пән	Пед.шеберлік деңгейі
07.12.2023	Абдихамитова А.У.	Әліппе	Педагог-модератор
07.12.2023	Юсуп Р.	Дене шынықтыру	Педагог-модератор
30.11.2023	Асулканова Г.Н.	Әдебиеттік оқу	Педагог-зерттеуші
14.11.2023	Бикжанова З.А.	Математика	Педагог-модератор
13.11.2023	Дидарбекова А.Е.	Қазақстан тарихы	Педагог
30.11.2023	Ильясова А.А.	Математика	Педагог-зерттеуші
13.11.2023	Кабденова А.К.	Қазақ тілі	Педагог-тағылымдамашы
01.12.2023	Муханғалиева А.К.	Ағылшын тілі	Педагог-модератор
01.12.2023	Нурхайдарова Г.К.	Қазақ тілі	Жоғары санат
28.11.2023	Сарсенова С.Х.	Тіл дамыту	Педагог-зерттеуші
28.11.2023	Сулейменов А.К.	Информатика	Педагог-модератор
29.11.2023	Туякова З.С.	Орыс тілі	Педагог-зерттеуші
05.12.2023	Дусупова А.А.	Қазақ тілі	Педагог-зерттеуші
13.12.2023	Ордабекова А.Б.	Қазақ тілі	Педагог-модератор
15.12.2023	Сурамбаева Ш.А.	Қазақ тілі	Педагог-сарапшы

Сабаққа қатысу нәтижелері бойынша келесі ұсыныстар жасалды:

1. Кабинет жабдықтарын (интерактивті тақта, АКТ ресурстарын) ұтымды пайдалану;

2. Сабақтың барлық кезеңдерінде уақыттың қатаң бөлінуін қадағалау, аралық рефлексия жасау;
3. Оқушыларды бағалау критерийлерін бірлесіп әзірлеуге тарту, сабақта бағалау әдістерін түрлендіру (өзін-өзі бағалау, өзара бағалау);
4. Оқушыларға сындарлы кері байланыс бере отырып, сабақты қорытындылау;
5. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға арналған тапсырмаларды жиі қолдану.

2. Аттестатталатын мұғалімдердің сабақтарына қатысу

2 жартыжылдықта әдіскерлер аттестатталатын мұғалімдердің сабақтарына қатысты. Биылғы оқу жылында барлығы 23 мұғалім (мектеп деңгейінде, модератор-мұғалім санатына 12 мұғалім және қала деңгейінде 11 мұғалім) аттестаттаудан өтеді.

Тексеру мақсаты: сабақты оқыту сапасын және сабақты жоспарлау, оқыту, бағалау кезеңдерінің біліктілік талаптарына сәйкестігін талдау.

3. Математика мұғалімдерінің бірнеше сабақтарына қатысу

Тексеру мақсаты: «Alramys» мектебінде математиканы оқытудың тиімділігі мен нәтижелілігін анықтау.

Тексеру мерзімі: 2024 жылдың қазан айынан ақпан айына дейін

Мектепте 6 математика мұғалімі жұмыс істейді: бір мұғалімнің Ерболат Оразбаевич Шакиновтің «педагог – зерттеуші» біліктілік санаты бар. Булатов Данияр Ардакович, Назриденов Серик Назриденович -«педагог-модераторлар», «педагогтар» - Кусаинова Марина Шамуратовна, Турсынғали Арайлым Әбдіхалыққызы, Бикжанова Зулхия Аманжоловна.

Қатысқан әр сабақтың құрылымы мұқият ойластырылғаны, сабақтың барлық бөліктері өзара байланысты екенін байқалды. Тапсырмаларды мөлшерлеуде жеке тәсіл қолданылады, сабақта оқушыларға көмек көрсетіледі, оқу материалын дайындауда саралау жүзеге асырылады. Сабақтарда жағымды атмосфера қалыптасқан .

Ұсынымдар:

- 1) оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, сараланған тапсырмаларды қолдану;
- 2) білім алушылардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану, оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып әр түрлі сыныптарда аралық аттестаттау кезінде тестілік технологияларды қолдану;
- 2) Қорытынды аттестаттауға дайындық кезінде оқушылар мен олардың ата-аналары арасында оң мотивация қалыптастыру;
- 3) пән бойынша нашар оқитын оқушыларды жұмысқа тарту;
- 4) жеке тұлғаға бағытталған технологияларды тиімді енгізу;
- 5) дарынды балалармен жұмысты күшейту, оларға күрделілігі жоғары, бірақ олардың мүмкіндіктері шегінде тапсырмалар ұсыну.

4. 5-сыныптардағы сабақтарға қатысу

2023 жылдың қазан айында оқушылардың білім беру процесіне бейімделу дәрежесін, оқушылардың білім деңгейін, сабақтағы тәртіпті анықтау мақсатында әдіскерлер 5-сыныптарға сабақ беретін мұғалімдердің сабақтарына қатысты.

Бесінші сынып оқушылары, сынып жетекшілері және бесінші сыныптарда жұмыс істейтін мұғалімдер арасында сауалнама жүргізілді.

Жаңартылған мазмұнды енгізу жағдайында 5-сыныптарда оқу-тәрбие ісін ұйымдастырудағы сабақтастық қағидаларын жүзеге асыру сынып жетекшілері мен пән мұғалімдерінің тығыз байланысын талап етеді. Жоғарыда аталған әдістемелік ұсыныстарды қолдану арқылы оқушылардың бір сыныптан екінші сыныпқа кедергісіз ауысуы үшін жағдай жасауға көмектеседі және жаңартылған оқу бағдарламасын сәтті игеруді қамтамасыз етеді.

Жұмыс дәптерлерін, жиынтық жұмыстарды тексеру

Мақсаты: жаратылыстану - математикалық цикл пәндерінің практикалық және зертханалық жұмыстарына арналған дәптерлері мен жұмыс дәптерлерінің жай-күйін тексеру. Қауіпсіздік техникасы бойынша журналдың болуы және жүргізілуі.

Жоспарға сәйкес төмендегі пәндер бойынша жұмыс дәптерлері мен БЖБ тексерілді:

5-6 -сыныптарда математика

7-8- сыныптарда геометрия

9-10- сыныптарда алгебра

Мұғалімдері: Серик Назриденович Назриденов, Данияр Ардакович Булатов, Бикжанова Зулхия Аманжоловна, Кусаинова Марина Шамуратовна, Касымжанова Роза Касымжановна.

ҚОРЫТЫНДЫЛАР МЕН ҰСЫНЫСТАР:

Әдістемелік жұмыста және дарынды балалармен жұмыста жақсы динамика байқалады. Әдістемелік кеңес мүшелерінің құзыреттілік деңгейі мен әдістемелік дайындығы оқу процесінің барлық бағыттарына білікті басшылықты қамтамасыз етуге жеткілікті. Мектептің әдістемелік тақырыбы, әдістемелік бірлестіктердің тақырыптары мектеп алдында тұрған негізгі міндеттерге сәйкес келеді. Әдістемелік бірлестіктер мен педагогикалық кеңес отырыстарының тақырыбы мектептің педагогикалық ұжымы шешкен негізгі мәселелерді көрсетеді. Негізінен 2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыстың алға қойған міндеттері орындалды.

Педагогикалық ұжымның жұмысында оң нәтижелермен қатар кемшіліктер де бар:

- мұғалімдердің жұмыс тәжірибесімен алмасу семинарларына қатысуы төмен;
- мұғалімдердің педагогикалық шеберлік конкурстарына қатысуы төмен;
- үш жылда бір рет өтетін біліктілікті арттыру курстарынан уақтылы өтпеу;
- қалалық оқу-әдістемелік кеңес ұсынған авторлық материалдар негізінде тәжірибені таратудың болмауы;
- зерттеу қызметіне (тәжірибені зерттеуге) негізделген жарияланым санының аздығы;
- семинарларда, конференцияларда, форумдарда, тренингтерде, әртүрлі деңгейдегі шеберлік сыныптарында баяндамалардың болмауы;
- олимпиадалар мен ғылыми жобаларды қорғаудың қалалық кезеңіндегі оқушылардың төмен нәтижелері

2024-2025 оқу жылына арналған міндеттер:

Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру бойынша жұмысты жалғастыру;

Мектептің педагогикалық әлеуетін дамыту және оны тиімді пайдалану;

Әдістемелік бірлестіктер мен мектептің әдістемелік кеңесі жұмысының тиімділігін арттыру;

Оқытудың заманауи әдістері мен технологияларын тәжірибеге енгізу жүйесін жандандыру;

Жұмыстың нәтижелілігін мониторингтеу мақсатында педагогикалық және психологиялық диагностика жүргізу;


Олимпиаданың барлық кезеңдерінің талдамалық материалдарын зерделеу, олимпиадалық жұмыстарға егжей-тегжейлі талдау жүргізу, пәндік ӘБ отырыстарында талдау нәтижелерін қарау;

Олимпиада қозғалысын одан әрі дамыту перспективаларын анықтау, балалардың дарындылығын қолдау жөніндегі бағдарламаны әзірлеу және ӘБ қызметінің жоспарларына енгізу;

Мектептің олимпиадалық резервін құру, олимпиада кезеңдері бойынша жүлдегерлерінің сабақтастығы, сақталуы және контингентін ұлғайту бойынша мақсатты жұмыс жүргізу

Оқушылардың ғылыми қоғамының (ОҒК) қызметі арқылы оқушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру жүйесін жетілдіру

КӘСІПТІК БАҒДАР БЕРУ ЖҰМЫСЫ



Әрбір оқушының жеке мүдделерін ескере отырып, саналы түрде болашақ кәсібін таңдауына көмектесу – мектептің кәсіптік бағдар беру қызметінің негізгі міндеті болып табылады.

Оқушыларды ақпараттандыру мақсатында 2023 жылғы 19 қыркүйекте Mentor Lab білім беру компаниясының менеджерлері шақырылды. Кездесу барысында оқушылар Италия, Испания,

Венгрия, Норвегия, Швейцария, Португалия, Түркия, Польша, Жапония және т.б. елдерге оқуға түсу туралы ақпарат алды.

18 қазанда мектепке Glion & Les Roches өкілдері келіп, 9-11 сынып оқушыларына ЖОО қабылдау туралы ақпарат берді. 2023 жылдың 16 қарашасында Agence campusfrance менеджері Францияның жоғары оқу орындарына түсу бойынша кәсіптік бағдар беру кездесуін өткізу үшін мектепке шақырылды. 28 қарашада Istanbul Medipol University шақырылды. 1 желтоқсанда "Халықаралық бағдарламалар орталығы" АҚ мектептің акт залында 8-11 сынып оқушыларына арналған үкіметаралық гранттар бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Оқушыларды қызықты және беделді мамандықтармен таныстыру, сонымен қатар олардың оқуға деген ынтасын арттыру және жоғары нәтижелерге жетуге ұмтылдыру мақсатында 2024 жылғы 24 қаңтарында мектепте Air Astana әуе компаниясының ұшқышымен кездесу өтті. Кездесу барысында оқушылар Ab-initio бағдарламасы арқылы ұшқыш болу жолдарымен танысты. Сонымен қатар, 10- сынып оқушыларымен мотивациялық хаттар мен эсселер жазу мәселесі бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, дұрыс жазу үлгілері беріліп, нұсқаулықтар ұсынылды. Сондай-ақ, оқушыларды IELTS, SAT сияқты халықаралық емтихандармен және Назарбаев Университетіне түсу үшін NUET емтиханымен таныстыру жұмыстары жүргізілді. Оқу жылы барысында мектеп оқушылары үшін жергілікті және шетелдік жоғары оқу орындарының өкілдерімен кездесулер ұйымдастырылды. 2024 жылдың 12 наурызында мектепте Astana IT University өкілдерімен кездесу өткізіліп, 8-11 сынып оқушылары ҰБТ грантқа өту баллдары, мамандықтар тізімі және жұмысқа орналасу мүмкіндіктері туралы білді. 4 сәуірде The University of Warwick (Ұлыбритания) өкілдерімен кездесу

ұйымдастырылды. Кездесу барысында оқушылар Ұлыбританияның Жоғары оқу орындарына түсу тәртібімен танысып, оқуды бөліп қаржыландыру мүмкіндіктері туралы толық ақпарат алды.



Университетті және оқу бағдарламасын таңдау бойынша шешім қабылдау процесін қолдау, ақпараттық өрісті кеңейту, түрлі университеттердің өкілдерімен байланыс орнату және колжетімді білім беру мүмкіндіктері туралы түсінік қалыптастыру мақсатында 2 ақпанда 8-11 сынып оқушылары Халықаралық Мираc мектебіндегі университеттер жәрмеңкесіне қатысты. Жәрмеңкеде 10 елден 20-дан астам университет ұсынылды, бұл студенттерге оқуын жалғастыру үшін қолайлы университетті таңдауға мол мүмкіндік берді.

Armys University ғылыми-танымдық жобасы аясында мектеп оқушыларының мектептің серіктестері – ЕҰУ жаратылыстану ғылымдары факультетінің деканы, профессор Н.Л. Шапекова және ЕҰУ Технологияларды коммерцияландыру департаментінің директоры Д.Б. Каргинмен кездесу ұйымдастырылды.

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ орыс тілі филологиясының оқытушысы, PhD докторы Аман Турсунгазиевич 8-9 сынып оқушыларына әдебиет бағыттары, халық ауыз әдебиеті және ғылымды дамытудың перспективалық бағыттары туралы айтып берді.

Сондай-ақ оқушыларға фантастика жанры, аңыздар, мифтер, ертегілер және мифологиялық әдебиеттің қалыптасуы туралы ақпарат беру мақсатында мектепте А. Г. Уайсбаевамен кездесу ұйымдастырылды. А. Б. Какимовпен және А. С. Ахметовамен кездесу оқушыларға еңбек нарығының талаптарына сәйкес жаңа білім беру бағдарламаларын ұсынатын сұранысқа ие мамандықтар мен университеттердің тізімімен танысуға мүмкіндік берді.

Шетелдік жоғары оқу орындарына түсу үшін оқушылардың түйіндемелері мен академиялық портфолиосын жақсарту мақсатында 8-10 сынып оқушыларына Young Yale Global Scholars, FLEX, NYU Precollege Program сияқты жазғы бағдарламалар туралы ақпарат берілді.

Оқушыларды халықаралық емтихандарды тапсыруға және жоғары оқу орындарына түсуге ерте даярлау мақсатында 19 сәуірде мектеп IDP IELTS Kazakhstan ұйымымен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Меморандум қорытындысы бойынша оқушылар мектеп қабырғасында сынақ емтихандарын тапсыруға, осы ұйымның платформасында тестке дайындалуға мүмкіндік алды.

Қорытындылар:

2023-2024 оқу жылындағы кәсіптік бағдар беру жұмысы оқушылардың мамандық таңдауына көмегін тигізді. Өткізілген іс-шаралар, ақпараттық ресурстар мен берілген кеңестер оқушылардың саналы таңдау жасауына және болашаққа жоспар құруына мүмкіндік берді. Болашақта кәсіптік бағдар беру EducationUSA, «Оқушыларды кәсіптік бағдарлау жөніндегі Халықаралық бірлестігі» ҚҰ, British Council және American Corner компанияларымен ынтымақтастық арқылы дамитын болады.

Оқушылар мамандықтар, олардың талаптары мен болашағы туралы құнды ақпарат алды, бұл олардың қызығушылықтарын, қабілеттері мен мақсаттарын түсінуге көмектесті. Кәсіптік бағдар беру тестілері мен консультациялар олардың күшті жақтарын анықтап, мамандық таңдауда дұрыс шешім қабылдауға көмектесті. Кәсіби мамандармен кездесулер мен университет жәрмеңкелері жұмыс ортасы мен еңбек нарығындағы мүмкіндіктер туралы шынайы түсінік берді. Нәтижесінде оқушылар өздерінің мансаптары туралы саналы шешімдер қабылдады және кәсіби өмірде табысқа жетуге дайын болды..

2024-2025 оқу жылына арналған міндеттер:



Дайындықты ерте бастау: кәсіптік бағдар беру жұмысы мүмкіндігінше ертерек, бастауыш сыныпта басталсын. Оқушылар өздерінің қызығушылықтары мен бейімділіктері туралы ертерек ойлануы үшін, оларға әртүрлі кәсіптер мен мамандықтар туралы ақпарат берілсін.

Жеке тәсілдеме: әрбір оқушының жеке қажеттіліктері мен ерекшеліктері ескерілсін. Әр оқушының қызығушылықтарын, қабілеттерін,

мақсаттары мен кедергілерін талқылауға мүмкіндік беретін жеке кеңес берілсін. Бұл олардың мамандықты саналы түрде таңдауына және мансаптарын жоспарлауына көмектеседі.

Ата-аналармен ынтымақтастық: ата-аналарды кәсіптік бағдар беру жұмыстарына кеңінен тарту. Семинарлар мен ақпараттық кездесулер ұйымдастыру, онда ата-аналар кәсіптік бағдар, бұл процестегі ата-аналардың рөлі және балаларына мамандық таңдау процесінде қолдау көрсету жолдары туралы ақпарат ала алады.

Университеттермен және кәсіпорындармен серіктестік: оқушыларға бос орындар жәрмеңкелеріне, тағылымдамаларға және ашық дәрістерге қатысуға мүмкіндік беру үшін университеттермен, колледждермен және кәсіпорындармен серіктестік орнату. Бұл оқушыларға нақты мансап жолдары мен еңбек нарығының талаптарын түсінуге көмектеседі.

Кері байланыс және бағалау: кәсіптік бағдар беру жұмысының нәтижелерін бақылау және оқушылар мен ата-аналардан кері байланыс алу. Өткізілген іс-шаралардың тиімділігін бағалау және алынған мәліметтер негізінде бағдарламаға түзетулер енгізу.

Ақпаратты үнемі жаңартып отыру: соңғы тенденциялар мен өзгерістерден хабардар болу үшін мамандықтар мен еңбек нарығы туралы ақпаратты жүйелі түрде жаңартып отыру. Оқушыларға жаңа мамандықтар, қажетті дағдылар мен білім берудің мүмкіндіктері туралы өзекті ақпарат беру.

V. ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ

«Alramys School» тек білім беру саласында ғана емес, сонымен қатар тәрбие саласында да оқушылардың үйлесімді дамуы үшін жағдай жасауға ұмтылады.

Мектеп тәрбие жұмысының негізгі міндеттері:

1. ата-ананы, үлкенді сыйлау дағдыларын қалыптастыру, олардың ақылын тыңдау, отбасындағы татулықты бағалау және отбасы алдындағы міндеттерін абыроймен атқару;
2. мейірімділік, намыс, ар-ождан, ізеттілік, жауапкершілік, қамқорлық пен әділеттілік сияқты қасиеттерді дарыту, еңбексүйгіштік пен құқықтық мәдениетті қалыптастыру;
3. ұлттық мұраны қорғауға, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді қастерлеуге, бейбітшілікті, келісімді, ынтымақ пен ұлттық бірлікті сақтауға, отаншылдыққа тәрбиелеу;
4. денсаулықты, салауатты өмір салтын, жан тазалығын және эмоционалды тұрақтылықты бағалау;
5. табиғатқа, ұлттық және мәдени мұраға, табиғи ресурстарды үнемді және тиімді пайдалануға, оларға ұқыпты қарауға тәрбиелеу.

Тәрбие жұмысының бағыттары:

- сынып сағаттары мен сыныптан тыс жұмыстар;
- мектепішілік дәстүрлі іс-шаралар;
- қосымша білім беру жұмысының жүйесі;
- оқушылардың өзін-өзі басқару органдарының жұмысы;
- пәндер бойынша сыныптан тыс және сабақтан тыс жұмыстар;
- қалалық, облыстық және республикалық деңгейдегі конкурстарға қатысу.

Оқу жылында мектеп ата-аналарды сынып пен мектеп өмірінің барлық салалары бойынша жұмыстарға белсенді қатыстырды;

- отбасында салауатты өмір салтын қалыптастыруға ықпал етті;
- оқушылардың арасында қоғамға жат мінез - құлықтың алдын алу үшін жағдай жасады;
- мектеп пен отбасының өзара әрекеттесу формаларын жетілдірді;
- отбасына педагогикалық қолдау көрсетті (оқу, кеңес беру, тәрбие, білім беру мәселелерінде көмек көрсету).

Отбасы мен мектептің өзара қарым-қатынасы ата-ананы оқу-тәрбие процесіне, сабақтан тыс және бос уақытты өткізуге, балалармен және мұғалімдермен ынтымақтастықта белсенді әрекет етуге бағытталған.

Осы мәселелерді шешу үшін мектебімізде келесі іс-шаралар өткізілді:

- оқушылардың отбасын зерттеу (сыныптың, мектептің әлеуметтік паспортын жасау);
- Мектеп ата-аналарын педагогикалық қолдау орталығының жұмысы аясында ата-аналар жиналыстары, тақырыптық және жеке консультациялар, семинарлар мен тренингтер жүйесі арқылы ата-аналарға педагогикалық білім беру ұйымдастырылды;

- мектептің дәстүрлі мерекелерін, балалар мен ата-аналардың бос уақытын бірлесіп өткізуді ұйымдастыру ("Білім күні"; 8 наурыз, Наурыз, 7 мамыр - Отан қорғаушылар күні, 9 мамыр, экологиялық акциялар, велошерулер, спорттық фестивальдар, денсаулық күндері);
- ата-аналардың әртүрлі комиссиялар мен комитеттердің жұмысына қатысуы (бракераж, тәртіптік, ата-аналар комитеті және т. б.),
- ата-аналарды мектептің оқу-тәрбие процесімен, мектеп жұмысының міндеттері мен қорытынды есептермен таныстыруға, мектепті халықаралық аккредиттеу рәсімімен танысуға, мемлекеттік аттестаттау туралы ережелермен, оқушыларды кәсіптік бағдарлау мәселелерімен және оқу орындарына түсу шарттарымен танысуға бағытталған ата-аналар жиналыстары (сыныптық, жалпы мектептік, ата-аналардың жекелеген топтарымен);
- ата-аналарға білім беру және балаларымен тиімді қарым-қатынас жасау бойынша жеке кеңес беру;
- Аға буын (оқушылардың аталары мен әжелері) қатысатын кездесулер, шеберлік сыныптары, шығармашылық іс-шаралар өткізу, этнопедагогика және ұлттық құндылықтарды сіңіруге тәрбиелеу

2023-2024 оқу жылында ата-аналардың құзыреттілігін жан-жақты дамытуға бағытталған бағдарламалар мен жобаларды ұйымдастыруға және жүзеге асыруға ата-аналарымыз белсенді қатысты. Сынып жетекшілерінің жоспары бойынша (тоқсанына 1 рет) сыныптың тақырыптық ата-аналар жиналысы өткізілді.



Ата-анаға деген құрметті, отбасылық қарым-қатынастың құндылығын және отбасы алдындағы жауапкершілікті қалыптастыру жөніндегі іс-шаралар

Іс-шара атауы	Қатысушылар	Жұиыс түрі
«Толық адам» Абай доктринасы («Жеткіншектің Жеті Жарғысы» жобасын жүзеге асыру мақсатында) 5 қыркүйек А.Байтұрсынов күні	10-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шаралар
9 сентября- «Адал азамат – әділетті Қазақстан («Еңбегі адал жасөрен» жобасын жүзеге асыру мақсатында)	9-11 сыныптар	Сынып сағаты
«Ізгілікке қалам тартқан жас ғұмыр» («Оқуға құштар мектеп» жобасын жүзеге асыру мақсатында)	1-4 сыныптар	Сынып сағаты

Отбасы күніне арналған іс-шара («Өсиет» аталар мектебі, «Ғибрат» әжелер мектебі, «Ұлағат» әкелер мектебі, «Мейірім» аналар мектебі жобаларын жүзеге асыру мақсатында)	5-11 сыныптар	Сынып сағаты
«Отбасылық дәстүрлер» («Интернет және қауіпсіздік», «Өсиет» аталар мектебі, «Ғибрат» әжелер мектебі, «Ұлағат» әкелер мектебі, «Мейірім» аналар мектебі жобаларын жүзеге асыру мақсатында)	1-11	Ата-аналар жиналысы
Еріктілер қозғалысын құру («Еңбегі адал жас өрен», «Қаһарман» ұлдар клубы, «Тұмар» қыздар клубы жобаларын жүзеге асыру мақсатында)	5-9 сыныптар	Сынып сағаты
Қожа Ахмета Ясауидің 930 жылдығына «Қожа Ахмет Ясауи даналығын оқыту» («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасын жүзеге асыру мақсатында)	1-11 сыныптар	Сынып сағаты
«Ұстаз! Сіздің алдыңызда» (Учитель! Перед именем твоим) («Оқуға құштар мектеп» жобасын жүзеге асыру мақсатында)	1-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шаралар
«Бір отбасы – бір кітап» (Одна семья – одна книга) («Балалар кітапханасы», «Оқуға құштар мектеп» жобасын жүзеге асыру мақсатында)	1-7 сыныптар	Сынып сағаты
«Толық адам» Абай доктринасы («Жеткіншектің Жеті Жарғысы» жобасын жүзеге асыру мақсатында)	5-11 сыныптар	Сынып сағаты
Адалдық – атадан қалған мұра» бабалар өсиеті (Честность – это наследие предков)» ұрпақтар жалғастығы («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	1-11 сыныптар	Ата-аналар сағаты, Ата-аналар жиналысы
1 қараша – «Отбасылық дәстүрлер» ішкі және сыртқы ықпалдың алдын алу күні («Интернет қауіпсіздігі» жобасы)	1-11 сыныптар	Ата-аналар жиналысы
«Честь - отцу, уважение – матери» «Әкеге-ізет, анаға-күрмет» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	1-4 сыныптар	Сынып сағаты
7 желтоқсан – ақсақалдар мен баталар күніне «Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі (Семья – золотая колыбель воспитания), («Өсиет» аталар мектебі, «Ғибрат» әжелер мектебі, «Ұлағат» әкелер мектебі, «Мейірім» аналар мектебі жобаларын жүзеге асыру мақсатында)	1-11 сыныптар	Сынып сағаты (Ата-аналар сағаты/ жиналысы)
«Шығарма жазу: болашаққа хат» челленджі («9 айға – 9 іс-шара» жобасын жүзеге асыру мақсатында)	5-11 сыныптар	Челлендж
«Қош келдің, Жаңа жыл!»	1-4 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шаралар

«Әкеңнің төріне сенбе, еткен еңбегіне сен (Роль отца в воспитании детей)» («Өсиет» аталар мектебі мен «Ұлағат» әкелер мектебі, «Қаһарман» ұлдар клубы «Шығарма жазу: болашаққа хат» («9 айда – 9 іс-шара» жобасын жүзеге асыру мақсатында	Әкелер мен аталар	Ата-аналар жиналысы
«Отбасылық таланттар» (Семьи, богатые на таланты)» («Өсиет» аталар мектебі, «Гибрат» әжелер мектебі, «Ұлағат»әкелер мектебі , «Мейірім» аналар мектебі, «Қаһарман» ұлдар клубы, «Тұмар»қыздар клубы жобаларын жүзеге асыру мақсатында)	1-11 сыныптар	Ата-аналар/сынып сағаты
1 наурыз – Алғыс айту күні. «Мың алғыс, ...» (Тысяча благодарностей...))» («Еңбегі адал жас өрен» жобасын жүзеге асыру мақсатында)	5-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шаралар
«Бәрі де, Ана, бір өзіннен басталады» (Мама, всего четыре буквы, а смысл, длиною в жизнь)» («Гибрат» әжелер мектебі, «Мейірім» аналар мектебі, «Тұмар»қыздар клубы жобаларын жүзеге асыру мақсатында)	1-11 сыныптар	Сынып сағаты
«Атадан-өсиет, анадан-қасиет» (Заповедь - от отца, добродетель - от матери)» («Өсиет» аталар мектебі, «Гибрат» әжелер мектебі, «Ұлағат»әкелер мектебі , «Мейірім» аналар мектебі, жобаларын жүзеге асыру мақсатында)	1-11 сыныптар	Ата-аналар сағаты (сынып сағаты)
Сәуірдің соңғы жексенбісі-ұлттық киім күні ((«Өсиет» аталар мектебі, «Гибрат» әжелер мектебі, «Ұлағат»әкелер мектебі , «Мейірім» аналар мектебі, «Қаһарман» ұлдар клубы, «Тұмар" қыздар клубы жобаларын жүзеге асыру мақсатында)	1-11 сыныптар	Сынып сағаты
15 мамыр – қазақ халқының сүйікті аналары мен қыздарының күні. («Гибрат» әжелер мектебі«Мейірім» аналар мектебі, «Тұмар" қыздар клубы жобаларын жүзеге асыру мақсатында)	1-11 сыныптар	Ата-аналар сағаты (сынып сағаты)
Халықаралық отбасы күніне «FEST отбасы» фестивалі («Өсиет» аталар мектебі, «Гибрат» әжелер мектебі, «Ұлағат»әкелер мектебі , «Мейірім» аналар мектебі, «Қаһарман» ұлдар клубы, «Тұмар»қыздар клубы жобаларын жүзеге асыру мақсатында)	1-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шаралар



**Мейірімділік, намыс, ар-ождан, ізеттілік, жауапкершілік, қамқорлық пен әділеттілік,
еңбексүйгіштік пен құқықтық мәдениетті қалыптастыруда
бағытталған іс-шаралар**

Іс-шара атауы	Қатысушылар	Жұмыс түрі
«Жолда жүру ережесін білесің бе? «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасын жүзеге асыру мақсатында)	1-4 сыныптар 5-9 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шаралар
«Ұлы даланың ұлтаралық тілі» (Межд. язык великой степи) («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасын жүзеге асыру мақсатында)	1-11 сыныптар	Жеке жоспар бойынша онкүндік
15 қыркүйек – қазақ жерінің тұтастығын сақтау күні	7-8	Сыныптан тыс іс-шаралар (дебаттар)
28 қыркүйек – Қазақ жазушыларының күні «Кітапқа жазылмаған тарих» ерлік сабағы («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасын жүзеге асыру мақсатында)	10-11 сыныптар	Сынып сағаты
2 қазан – Қазақ ғарышкерлері күні	8-11 сыныптар	Сынып сағаты
«Жақұты барға жасын түспейді» (Бриллианты неподвластны годам)) («балалар кітапханасы»)	10-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шаралар

Жол қауіпсіздігі	1-4 сыныптар 5-9 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шаралар
«Өнегелі өмір» (Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу, рухани жарасымдылық күніне орай кездесу)», («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасын жүзеге асыру мақсатында)	10-11 сыныптар	Сынып сағаты
26 қазан – қоғам және мемлекет қайраткері Нұртас Оңдасын күні «Қоғамға қызмет» еріктілер қозғалысы	10-11 сыныптар	Сынып сағаты
«Саналы ұрпақ» және «Адал ұрпақ» клубтарының жұмысымен танысу. Терроризмге қарсы дүниетанымды қалыптастыру бағытындағы клуб жұмысы («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы) «Адал ұрпақ» клубының жиналысын өткізу («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	7-11 сыныптар, мұғалімдер	Сыныптан тыс іс-шаралар
Мен - еріктімін» («Еңбегі адал жас өрен" жобасы)	9-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шаралар
Мектептің өзі-өзі басқару ұйымы өкілдері мен «Ассамблея жастары» АҚҰ басшыларының "Бейбітшілік және келісім сабақтары" форматындағы мотивациялық кездесулері	9-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шаралар, тимбилдинг
24 желтоқсан-Халық батыры Бауыржан Момышұлын еске алу күні «Таным. Тағылым. Тәрбие («Познание. Образование. Воспитание») («Еңбегі адал жас өрен» жобасын жүзеге асыру мақсатында)	5-11 сыныптар	Ата-аналар сағаты (сынып сағаты)
24 желтоқсан - Халық батыры Бауыржан Момышұлын еске алу күні «Көп оқитын адам – табысты адам» (Читающий человек - успешный человек)» («Балалар кітапханасы» жобасы)	1-4 сыныптар	Ата-аналар сағаты (сынып сағаты)
«Қыз намысы – ұлт намысы» (Честь девушки – честь нации)» («Ғибрат» әжелер мектебі, «Мейірім» аналар мектебі, «Тұмар» қыздар клубы жобаларын жүзеге асыру мақсатында)	Аналар мектебі	Ата-аналар жиналысы
«Парасаттылық туралы» («Ұрпаққа аманат» және «Еңбегі адал жас өрен» жобалары)	1-5 сыныптар	Сынып сағаты
Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу (зорлық-зомбылық, қорқыту, қудалау)	6-11 сыныптар	Сынып сағаты

"Адал Ұрпақ" клубының "Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі" тренингі, дөңгелек үстел («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	5-9 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шаралар
«Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам (Первый шаг к изобретательству), «Батырлар еңбекте туады» («Еңбегі адал жас өрен» жобасын жүзеге асыру)	1-11 сыныптар	Сынып сағаты
«Жанылтпаш айтқан жалықпас» (Мои любимые скороговорки) («Балалар кітапханасы», «Оқуға құштар мектеп» жобалары)	1-4 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шаралар
«Мақал – сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы» (Пословица – это часть жизни и мудрости народа) («Балалар кітапханасы», «Оқуға құштар мектеп» жобалары)	5-8 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шаралар
«Мінсіз адам – тәрбиенің ең жоғары мақсаты» Абай «Толық адам» туралы («Балалар кітапханасы», «Оқуға құштар мектеп» жобалары)	10-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шаралар
«Мейірім құндылығы» (Ценность доброты)» «Өсиет» аталар мектебі, «Ғибрат» әжелер мектебі, «Ұлағат» әкелер мектебі, «Мейірім» аналар мектебі, «Қаһарман» ұлдар клубы, «Тұмар» қыздар клубы)	1-11 сыныптар	Ата-аналар сағаты (сынып сағаты)
«Адал ұрпақ» мектеп клубының қатысуымен «Адал еңбекті құрметтеу» сыныптан тыс іс-шара (Проект «Еңбегі адал жас өрен»)	9-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шаралар
«Айбын» республикалық жастар слеті («Жас сарбаз» клубы мен сыныптар үшін)	5-11 сыныптар	Жастар слеті
«Адалдық – адамдықтың белгісі» (Честность – признак человечности)» («Жеткіншектің Жеті Жарғысы» жобасы)	1-4 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шаралар
Теріс субмәдениеттің таралуына жол бермеу және әлеуметтік желілерде, соның ішінде TikTok және Discord -та деструктивті және жағымсыз мазмұнды құруға жол бермеу	8-11 сыныптар	Мектеп парламенті басшыларының саммиттері
29 наурыз - қазақ еңбекшілерінің күні Бұл күні 1896 жылы шопан, Еңбек Ері Жазылбек Қуанышбай дүниеге келді. Негізгі мақсаты- еңбек адамын құрметтеу, қоғамдағы еңбекқорлықты насихаттау.	1-11 сыныптар	Сыныптан тыс уақыттағы іс-шаралар
22 Сәуір-Алтын адам күні "Жүрегім қазақ" - жастарды ынталандыру және кәсіби бағыттау мақсатында кездесулер	10-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шаралар
«Ұлттар достастығы» («Балалар кітапханасы», «Оқуға құштар мектеп», «Ұрпаққа аманат» жобалары)	1-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шаралар

«Оқырмандар отбасы» (Читающая семья) («Өсиет» аталар мектебі, «Ғибрат» әжелер мектебі, «Ұлағат» әкелер мектебі, «Мейірім» аналар мектебі, «Қаһарман» ұлдар клубы, «Тұмар» қыздар клубы жобаларын жүзеге асыру мақсатында)	1-9 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шаралар
Олимпиадалар мен спорттық жарыстардың жеңімпаздарын БАҚ -да жариялау	5-11 сыныптар	Видеоматериал дайындау

"Alramys School" мектебінің тәрбие жұмысы бағдарламасы оқушылардың патриоттық құндылықтары мен азаматтық жауапкершілігін қалыптастыруда оң нәтижелер көрсетуде.



**Қазақ тілін, ұлттық рәміздерді құрметтеуге, бейбітшілікті, келісімді,
ынтымақ пен ұлттық бірлікті сақтауға, патриотизмге тәрбиелеуге бағытталған
іс-шаралар**

Іс-шара атауы	Қатысушылар	Жұмыс түрі
1 қыркүйек-Білім күні «Мектеп – мейірім мекені» («Еңбегі адал жас өрен» жобасын жүзеге асыру)	1-11 сыныптар	Салтанатты жиналыс және сынып сағаттары
1 15 Қазан - мемлекеттік тіл күні. С. Сейфуллиннің туғанына 130 жыл толуына орай «Сәкен – сахара сұңқары»	1-4 сыныптар 5-9 сыныптар	Сынып сағаты
9 қазан - қазақ жігіттері күні Р. Қошқарбаевтың туған күні	10- 11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шаралар
ҚР Әнұранын орындау челленджі ("9 ай – 9 іс-шара" жобасы аясында)	1-11 сыныптар	Челлендж
«Ел тірегі (Республика күні («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)	1-11 сыныптар	(Жеке жоспар бойынша апталық)+сынып сағаты
««Қоғам игілігі үшін қызмет ету" («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	10-11 сыныптар	Сынып сағаты
«Оян, ар мен адалдық»(Пробудись, честь и верность))» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	1-4 сыныптар 5-11 сыныптар	Сынып сағаты
15 қараша –ҚР Ұлттық валюта күні	10-11	Сыныптан тыс іс-шаралар
Мектептің өзі-өзі басқару ұйымы өкілдері мен «Ассамблея жастары» АҚҰ басшыларының "Бейбітшілік және келісім сабақтары" форматындағы мотивациялық кездесулері («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	5-8 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шаралар
Ч «Асық ату» челленджі (9 ай – 9 іс-шара" жобасы аясында	1-11 сыныптар	Челлендж
«Жас Сарбаз» әскери-патриоттық әндер фестивалі	5-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шаралар
«Тарих пен тіл тамырлас (История и язык неразделимы))» «Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасын жүзеге асыру мақсатында	5-8 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шаралар
«Көк тудың желбірегені»(Голубой флаг – символ честности, верности и безупречности) «Ұрпаққа аманат» жобасы	1-4 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шаралар
«Қазақстан – біртұтас жер, біртұтас халық, біртұтас болашақ» (Казakhstan – Единая земля, единый народ, единое будущее)) («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	1-11 сыныптар	Сынып сағаты

18 желтоқсан-тәуелсіздік үшін күрескен ұлттық қайраткерлерді еске алу күні «Жеңісімді Тәуелсіздікке арнаймын!» («Ұрпаққа аманат жобасы»)	1-11 сыныптар	Мектепшілік сыныптан тыс іс-шара
18 желтоқсан-тәуелсіздік үшін күрескен ұлттық қайраткерлерді еске алу күні «Ұлттық рух – тәуелсіздік тірегі» (Национальный дух – опора независимости) («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	5-11 сыныптар	Патриоттық тәрбие сағаты
10 қаңтар - Қазақ әдебиеті және Азаматтық лирика күні. Танымал жазушы І.Есенберлиннің туған күніне орай оның туған өлке туралы шығармаларын таныту («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасын жүзеге асыру) 12 қаңтар – қоғам және мемлекет қайраткері Дінмұхамед Қонаевтың туған күні	1-11 сыныптар	Сынып сағаты
«Мен оқыған бір ертегі» (Сказка, которую я прочитал) («Оқуға құштар мектеп» жобасы)	1-4 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шаралар
«Профи TIME» мамандықтар әлемінде («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	10-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шаралар
Әскери бөлімдер мен мекемелерде ашық есік күнін ұйымдастыру («Жеткіншектің Жеті жарғысы» және «Ұрпаққа аманат» жобалары.)	5-11 сыныптар «Жас сарбаз» әскери-патриот. клубы	Ашық есік күні
«Қазақ есебі» челленджі	1-11 сыныптар	Челлендж
2 ақпан-Ұлттық баспасөз күні. "Қазақ" газетінің жарық көрген күні. Бұл күннің мақсаты - осы тарихи дата арқылы Алаш қайраткерлерінің қоғамдағы еңбегін насихаттау.	1-11 сыныптар	Сынып сағаты
«Тарихқа тағзым», «Алаш жолы», («Жеткіншектің Жеті жарғысы» және «Ұрпаққа аманат» жобаларын жүзеге асыру)	1-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шаралар
15 ақпан Кеңес әскерлерін Ауғанстан жерінен шығару күні	8-9	Сыныптан тыс іс-шаралар
Балалардың ақпараттық қауіпсіздігін және цифрлық сауаттылығын қамтамасыз ету . Кибербуллинг туралы ескерту «Психологиялық әл-ауқат және стресске төзімділік»	5-8 сыныптар	Ашық ақпараттық сабақтар
«Оқуға құштар мектеп» челленджі	1-11 сыныптар	Челлендж
«Өзіңді мамандықтар әлемінде тап («Еңбегі адал жас өрен» жобасын жүзеге асыру)	7-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шаралар
14 наурыз - Көрісу күні, Амал мерекесі «Еңбегі адал жас өрен» жобасын жүзеге асыру)	1-11 сыныптар	Ата-аналармен сыныптан тыс іс-шаралар
«Домбыра Party» челленджі «Домбырышылар» («Өсиет» аталар мектебі, «Ғибрат» әжелер мектебі, «Ұлағат» әкелер мектебі, «Мейірім» аналар мектебі, «Қаһарман»	1-11 сыныптар	Челлендж

ұлдар клубы, «Тұмар» қыздар клубы жобаларын жүзеге асыру, «9 айда – 9 іс-шара» жобасы)		
20 наурыз- қоғам және мемлекет қайраткері Жұмабек Ташеннің туған күні	8-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шаралар
Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамы Наурызнама	1-11 сыныптар	Жеке жоспар бойынша апталық
«Табиғат ғажайыптары» 12 сәуір – Қазақстандағы ғылым қызметкерлерінің күні . Қ.И. Сатпаевтің туған күні	1-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шаралар
24 сәуір - Ұлт қайраткерлері күні. Х. Досмухамедтің туған күні	1-11 сыныптар	Сынып сағаты
«Гүлдене бер, менің Қазақстаным» 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні	1-11 сыныптар	Ата-аналар сағаты/
«Халықтың ерлігі ғасырларбойы өмір сүреді!» (Подвиг Народа живёт веками) «Жеткіншектің Жетіжарғысы» жобасын жүзеге асыру)	1-11 сыныптар	Сынып сағаты
«Жеңіс деген шат күлкісібаланың» («Жеткіншектің Жетіжарғысы» жобасын жүзеге асыру)	1-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шаралар
«Менің кіші отанымның картасы» («Ұлттық мектеп лигасы» жобасы)	1-8 сыныптар	Сынып сағаты



Салауатты өмір салты бойынша іс-шаралар

Іс-шара атауы	Қатысушылар саны	Жұмыс түрі
«Дене сергіту» челленджі («9 айға– 9 іс» жобасы аясында)	1-11	Челлендж
«Спорттық ойындар күні», «Спорт апталығы»	1-4 сыныптар	Сынып сағаты
Еңбек күні («Еңбегі адал жас өрен» жобасын жүзеге асыру)	1-11 сыныптар	Сынып сағаты
«Электронды темекі туралы мифтер мен шындық» мектепте пікірталас ұйымдастыру	5-9 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шаралар
Мектеп оқушыларымен интернетке тәуелділіктің, ойынға құмарлықтың, лудоманияның алдын алу бойынша көркем және деректі фильмдерді бірлесіп көру.	5-9	Сыныптан тыс іс-шаралар
«Отбасылық дәстүрлер» («Қауіпсіз интернет» жобасы). СӨС насихаттау бойынша акция « <i>Тыныс ал, қозғал, өмір сүр</i> »	5-9 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шаралар
«Денсаулықтың 6 шарты - таза ауа, дұрыс тамақтану, қозғалыс, тыныш ұйқы, көтеріңкі көңіл-күй, күйзеліске түспеу»	1-4 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шаралар
1 қараша – қауіпсіздік күні «Есірткі - ел қауіпсіздігіне, әлем қауіпсіздігіне төнген қатер» (Наркотики – угроза нац. и мировой безопасности)	9-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шаралар
«Өнегелі өмір» (электронды темекі, вейп, ББЗ-дың зияны туралы денсаулық сақтау органы өкілдерімен кездесу)» («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)	7-9 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шаралар
«Әлемді бағындырған жерлесіміз» «Ұлттық мектеп лигасы» жобасы	1-11 сыныптар	Сынып сағаты
("Ұлттық мектеп лигасы, "Ұлағат" әкелер мектебі, "Мейірім" аналар мектебі) жобаларды іске асыру мақсатында спорттық ойындарды ұйымдастыру	5-11 сыныптар	Ата-аналармен сыныптан тыс іс-шаралар
Түрлі спорт түрлерін меңгерген танымал спортшылармен кездесулер, әңгімелер, дөңгелек үстелдер ұйымдастыру	1-11 сыныптар	Сынып сағаты
СӨС қалыптастырудағы спорттың рөлі туралы белгілі спортшылардың, Паралимпиада ойындарына қатысушылардың қатысуымен бейнематериалдар әзірлеу	5-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шаралар
Ұлттық ойындар «Көңілді жарыстар», «Әкем, анам, мен-спорттық отбасы»/ спорттық іс-шараларды ұйымдастыру. «Мен салауатты өмір салтын таңдаймын» респ. марафоны	1-6 сыныптар	Сайыстар

(«Өсиет» аталар мектебі, «Фибрат» әжелер мектебі, «Ұлағат» әкелер мектебі, «Мейірім» аналар мектебі, «Қаһарман» ұлдар клубы, «Тұмар қыздар клубы жобаларын жүзеге асыру)		
Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың қатысуымен «Көңілді жарыстар» спорттық іс-шараларын ұйымдастыру	1-11 сыныптар	Спорттық іс-шаралар
7 сәуір – Қ. Мұнайтпасовтың туған күні. Қазақ спортының күніне орай спорт ардагерлерімен достық кездесулер (шығармашылық матчтар) өткізу.	5-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шаралар
"Шахмат ойыны" челленджі (9 айға- 9 іс – шара» жобасы аясында)	1-11 сыныптар	Челлендж
Спортшылардың, балалар мен ата-аналардың қатысуымен жыл сайынғы жаппай кросстар мен жарыстар өткізу. ("Өсиет" аталар мектебі, "Фибрат" әжелер мектебі, "Ұлағат" әкелер мектебі, "Мейірім" аналар мектебі, "Қаһарман" ұлдар клубы, "Тұмар" қыздар клубы жобаларын іске асыру)	5-9 сыныптар	Кросс және жарыстар

"Alpamys School" мектебінің тәрбие жұмысы бағдарламасы оқушыларды табиғатты, ұлттық және мәдени мұраларды құрметтеуге, табиғи ресурстарды үнемді және тиімді пайдалануға тәрбиелеу міндетін табысты іске асырады.

Табиғатқа, ұлттық және мәдени мұраға құрметпен қарауға, табиғи ресурстарды үнемді және тиімді пайдалануға тәрбиелеу жөніндегі іс-шаралар.

Іс-шара атауы	қатысушы	түрі
«Бабалар салған ізімен...» республикалық балалар айтысын ұйымдастыру («4 тоқсан-4 өнер» жобасы)	5-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шаралар
«Бес нәрсеге асық бол...» («Жеткіншектің Жеті Жарғысы» жобасын жүзеге асыру)	1-4 сыныптар	Сынып сағаты
«Мен-ұлы дала перзентімін " («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	5-9 сыныптар	Сынып сағаты
15 қараша – Батырлар күні. Кеңес Одағының Батыры Мәлік Ғабдуллиннің туған күні	5-9 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шаралар
«Су мен электр энергиясын үнемдеуге бағытталған» тиімділік инноваторы» (Энергияны үнемдеу күніне орай) («Еңбегі адал жасөрен» жобасы)	1-11 сыныптар	Сынып сағаты
25 қараша – Түркі дүниесі күні	5-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шаралар
«Тоғызқұмалақ-дау» («Ұлттық мектеп лигасы» жобасы)	1-6 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шаралар

«Қалдықтарды табысқа айналдырайық» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	1-4 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шаралар
«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы (тоғызқұмалақ, бес тас, қарыс, сүйем, елі т.б) «Ұлттық мектеп лигасы» жобасын жүзеге асыру	1-6 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара
15 ақпан – Ұлттық тарих күні . Е. Бекмаханнның туған күні. «Қазақ даласының ұлы тұлғалары («Жеткіншектің Жеті жарғысы» және «Ұрпаққа аманат» жобаларын жүзеге асыру мақсатында)	1-11 сыныптар	Сынып сағаты
27 ақпан - «Салт-дәстүр күні» («Ұрпаққа аманат» жобасы)	1-11 сыныптар	Сынып сағаты
5 наурыз-Әлихан Бөкейханның туған күні	1-11 сыныптар	Сынып сағаты Сыныптан тыс іс-шаралар
1 сәуір – Қазақ өнері күні. Н. Тлендиевтің туған күні. Добра-party («Ұрпаққа аманат» жобасын жүзеге асыру)	1-11 сыныптар	Сынып сағаты
9 сәуір – Ұлттық тағамдар күні «Ұмыт болған ұлттық тағамдар» («Өсиет» аталар мектебі, «Ғибрат» әжелер мектебі, «Ұлағат» әкелер мектебі, «Мейірім» аналар мектебі, «Қаһарман» ұлдар клубы, «Тұмар қыздар клубы жобаларын жүзеге асыру)	1-11 сыныптар	Ата-аналар жиналысы/сынып сағаты
«Жасыл мектеп»	1-11 сыныптар	Экол. сауаттылық апталығы (жеке жоспар бойынша) сынып сағаты
15 сәуір- Селт еткізер- кестелі орамал күні- («Ұлы Дала мұрагерлері» «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында)	9-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шаралар
«Жасыл мекен» челленджі («9 айға – 9 іс-шара» жобасы аясында)	8-11	Челлендж
"Менің гүлденген бақшам" («Еңбегі адал жасөрен» жобасы)	1-7 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шаралар
20 мамыр - «Қымызмұрындық мерекесі» (ұлттық бірлік, қонақжайлылық, жомарттық пен қадір-қасиетті бейнелейтін салттық мереке) («Өсиет» аталар мектебі, «Ғибрат» әжелер мектебі, «Ұлағат» әкелер мектебі, «Мейірім» аналар мектебі, «Қаһарман» ұлдар клубы, «Тұмар қыздар клубы жобаларын жүзеге асыру)	5-11 сыныптар	Сынып сағаты



Оқу және оқудан тыс қызмет салаларында тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыру шарттары

2023-2024 оқу жылында суда жүзу, футбол, волейбол, баскетбол, каратэ, көркем гимнастика, хореография, өрмелеу, үлкен теннис сияқты спорт секциялары жұмыс атқарды. Робототехника, шахмат, ағаш өңдеу зертханасы, 3D модельдеу, IT-дизайн, қыш өнері, кескіндеме, актерлік шеберлік, фортепиано, домбыра, вокал, «INTRO» мектеп вокалдық-аспаптық ансамблі, кахонистер ансамблі (кахон аспабы), әуен ансамблі (пианиноны аспабы) үйірмелері жұмыс істеді. Мектеп толық күндік мектеп болғандықтан, күннің екінші жартысы толығымен секциялар мен үйірмелердегі қосымша сабақтарға арналады. Барлық балалар 100%-ға секциялар мен үйірмелермен қамтылған. Әр оқушы кез-келген спорттық интеллектуалдық немесе шығармашылық үйірме мен секцияны таңдай алады. Үйірме сабақтары мектептің спорт залындағы арнайы кабинеттерде, оқу кабинеттерінде, спорт секцияларында өткізіледі. Кейбір үйірмелердің жұмысы үшін арнайы Alramys HUB құрылып, жабдықталды. Әр үйірменің өз бағдарламасы бар. Оқу жылының басында мектеп оқушыларының жүктемесін ескере отырып, үйірмелер мен секциялардың жұмыс кестесі жасалды. Барлық сабақтар қатаң түрде кестеге сәйкес өткізіледі. Үйірмелер мен спорт секцияларына қатысатын оқушылар түрлі деңгейдегі жарыстарға белсене қатысып, жақсы нәтижелерге қол жеткізуде.

Мектеп үйірмелерінің қызметін талдай отырып, барлық пәндік үйірмелер тиімді нәтижеге қол жеткізіп, жақсы жұмыс істегенін атап өтуге болады. Мұғалімдер сабақта

оқыту мен тәрбиелеудің , білім беру процесін бақылау және басқарудың түрлі әдістері арқылы жүзеге асырылатын заманауи білім беру технологияларын қолданады.

Оқытуды ұйымдастырудың формалары, әдістері мен құралдары оқушылардың жасына, қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне сәйкес келеді. Секция мен үйірме жетекшілері оқу процесі барысында санитарлық-гигиеналық нормалардың сақталуын қамтамасыз етеді, дарынды және талантты оқушыларды қолдайды, балалардың бұқаралық іс-шараларға, көрмелерге, байқауларға, сайыстарға қатысуын ұйымдастырады.

Қорытынды: өткізілген үйірме сабақтарының нәтижелері: мектепте және қалада өткізілетін барлық зияткерлік-танымдық ойындарда, жарыстар мен сайыстардағы балалардың белсенділігі болып табылады. Мектеп оқушыларының жалпы санының 100% қосымша білім беру жүйесімен қамтылған.



Мектептегі өзін-өзі басқару жұмысы және оның тиімділігі

Оқушылардың өзін-өзі басқару органдарының негізгі міндеті – білім алушылардың білім беру мекемесін басқаруға қатысу құқығын іске асыру, балалар мен жасөспірімдердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, балалар мен жасөспірімдердің проблемаларына назар аудару болып табылады.

Оқушылардың өзін – өзі басқару ұйымының басында мектеп президенті –10 сынып оқушысы Саданова Аружан жетекшілік жасайтын Мектеп Кеңесі тұр. Мектеп Кеңесінің құрамына мектептегі 4 лиганың өкілдері кіреді.

Алпамыс мектебінің лигалары (немесе «үйлер» - Houses) — мектептің төрт бөлімшесі, онда әрсыныптың параллелі бойынша бірдей мөлшерде оқушылар іріктеледі, әр үй оқушыларды белгілі бір сипаттамалары бойынша ажыратады. Олар 4 элементтің атымен аталады – 4 үй- Earth (жер), Air (ауа), Water (су), Fire (от). Әр лиганың басында оқушылар лигасының Hatter басшысы және Hatter мұғалім кураторлары бар.

Бөлінгеннен кейін Лига оқушының «екінші отбасына» айналады: ол өз лигасының оқушыларымен бірге мектеп өміріндегі оқиғаларға белсене қатысады, үй тапсырмаларын және қоғамдық жұмыстарды бірге атқарады, айналасындағыларға және өзінен кішілерге көмектеседі, оның жетістіктері өз лигасының оқу, спорттық және шығармашылық жетістіктері үшін ұпай әкеледі, ал ережелерді бұзу сияқты теріс қылықтар жасаса ұпай саны алынып тасталып, кемітіледі. Барлық оқушылардың мақсаты – оқу жылының соңында мектептепішілік лига жарысында өз лигасының жеңісіне қол жеткізу.

Биылғы жылы оқушылардың өзін-өзі басқару органы қызметінің негізгі бағыттары:

- Әлеуметтік желілерді дамыту: қазіргі уақытта мектептің барлық жұмысын көрсететін оқу орнының әлеуметтік желілерін жүргізу өте маңызды. Бұл мәселедегі жауапкершіліктің бір бөлігі оқушыларға жүктелді. Әр сыныпта медиа топтар құрылды, олардың міндеті сынып және жалпы мектептегі іс-шаралардың фото және бейнематериалдарын жинау және мектептің сайтына және Instagram-ға орналастыру үшін бейнелер мен коллаждар дайындау болды.

- Іс-шараларды ұйымдастыру: Мектеп Кеңесі жалпы мектепшілік іс-шараларды дайындау және өткізу кезінде көмек көрсетті.

- Қалада танымал адамдармен кездесулер ұйымдастыру: мектеп кеңесі ұйымдастырған кездесулерде оқушылар өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, табысқа жету жолы жайлы біледі, шақырылған қонақтардан құнды кеңестер ала алды.

- Музыкалық және ойын үзілістері: сабақ арасындағы демалыс қызықсыз және монотонды болмас үшін лигалар тәртіпті бұзбай, музыкалық үзілістер ұйымдастырды. Оқушылар монотонды жұмыстан алшақтап, белсенді демалуға мүмкіндік алды.

Мектеп Кеңесінің отырысы айына 1 рет өткізілді. Мектеп Кеңесінің мүшелері мектептегі құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесінің отырыстарына қатысып, Медиация кеңесінің құрамына кірді.

Оқу жылында Мектеп Кеңесі рейдтік іс-шаралар өткізді: мектеп формасын тексеру сияқты рейдтік іс-шаралар өткізді. Оқушылар жетім балаларға, аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан балаларға арналған кеңсе керек-жарақтарын жинау, су тасқынынан зардап шеккен аудандарға гуманитарлық көмек жинау, пластикалық қақпақтарды жинау мақсатында "Жақсылық жәрмеңкесі" акцияларының бастамашылары болды.

Мереке күндері Мектеп Кеңесі Instagram әлеуметтік желісінде құттықтаулар мен челленждер өткізді. Дайындыққа көмек көрсетіп, мектептің тәрбие жұмысының іс-шараларына қатысты.

Құқық бұзушылықтың алдын алу

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу – мектептегі тәрбие жұмысының маңызды бағыттарының бірі.

Құқық бұзушылықтың алдын алу мәселелерін кешенді шешудің негіздерін қалыптастыру, оларды қазіргі қоғамда әлеуметтік оңалту, білім оқушылардың құқықтық мәдениет жөніндегі ой-өрісін кеңейту мақсатында оқу жылының басында кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша мектептің іс-шаралар жоспары әзірленді.

Құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі «Alpatys school» мектебінің жұмыс жүйесі: ұйымдастырушылық іс-шаралар, ағарту жұмыстары, оқушылар мен ата-аналарға құқықтық тәрбие беру; сынып сағаты жүйесі арқылы жүзеге асырылатын кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, отбасына әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсету, субъектілердің бірлескен алдын алу жұмыстары, жұртшылықты кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі жұмысқа тарту, бақылау арқылы жүзеге асырылады. Құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі қызметте профилактикалық кеңес үлкен рөл атқарады, оның бастамасы бойынша жыл бойы балалардың құқықтарын қорғау, зиянды заттарды қолданудың алдын алу, балаларға қарсы қатыгездік пен зорлық-зомбылық және т. б. бойынша онкүндіктер ұйымдастырылды.

2023-2024 оқу жылының басынан бері мектепте құрамына: кеңес төрағасы, директордың ТЖ жөніндегі орынбасары, хатшы, мұғалімдер, учаскелік инспектор кіретін профилактикалық кеңес жұмыс жасады.

Оқу жылында профилактика кеңесінің 9 жоспарлы, 6 жоспардан тыс отырысы өткізіліп, онда тәрбиелік профилактикалық жұмысты оңтайландыру, жасөспірімдердің қараусыздығы мен құқық бұзушылықтарының алдын алу, салауатты өмір салтын насихаттау мәселелері қаралды. Кәмелетке толмағандардың білім алуын бақылау: босатқан сабақтарын қатаң есепке алу, сабақтан себепсіз қалуды болдырмау бойынша жұмыстар түрде жүргізіледі.

Сынып жетекшісінің балалармен жүргізетін профилактикалық жұмысының негізгі түрі - сынып сағаттары, кездесулер, әңгімелесулер және акциялар.

Мектептің оқу-тәрбие жұмысында жыл сайын нашақорлықтың, темекі шегудің, электронды темекі шегудің, алкоголизмнің және басқа да тәуелділіктердің алдын алу басты назарда ұсталады.


Демалыс қарсаңында оқушыларға кәмелетке толмағандардың көшеде және қоғамдық орындарда ересектердің еріп жүруінсіз өткізетін уақыты және кәмелетке толмағандардың баруына тыйым салынған орындар туралы ескертулер мен қауіпсіздік шаралары жайлы нұсқаулықтар беріледі.

Есеп беру кезеңінде «Дұрыс тамақтанудың құпиялары», "Қорқынышпен өмір сүру", « Балалардың қауіпсіздігі - ата-аналардың жауапкершілігі» атты ата – аналар жиналысы өткізілді.

Денсаулық сақтау. Медициналық қызмет

Кесте мен жоспарға сәйкес, эпидемиялық көрсеткіштер бойынша профилактикалық егулер мен екпе, туберкулинді диагностикалау жұмыстары жүргізілді (1- кесте)

Екпе атауы	Жоспар	Жасалды	Орындалу %
АДС-М	20	10	50%
ККП	200	140	70 %
АБКДС	100	85	85%
Гепатит-А	20	6	
Р-манту	50	35	



ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ТЕКСЕРУГЕ барлығы 225 адам жіберілді.

Оқу жылы ішінде мектептің медицина қызметкерлері, СӨС орталығының өкілдері оқу жылының басында бекітілген кестеге сәйкес санитарлық-ағарту жұмыстарын жүргізді.

Санитарлық - ағарту жұмысының (САЖ) тақырыптары төмендегі кестеде көрсетілген:

Күні	САЖ атауы	САЖ түрі	Сыныптар, оқушылар саны
05.09.23	Жарақаттанудың алдын алу	әңгіме	Бастауыш сыныптар

14.09.23	ЖРВИ алдын алу	әңгіме,көрнекі құрал	3-сынып оқушылары
06.10.23	Вирустық аурулардың алдын алу	Презентация, пікірталас	2- сынып оқушылары
13.10.23	Психикалық денсаулықтың алдын алу	СӨС дәрігерімен семинар, презентация	7 - сыныптар
13.10.23	Жарақаттанудың алдын алу	презентация СӨС дәрігерімен семинар	5-6 - сыныптар
09.11.23	Психоактивті заттардың зияны туралы	Презентация, СӨС дәрігерімен семинар	9-11 -сыныптар
09.11.23	Жұқпалы аурулардың (қызылша) алдын алу	СӨС дәрігерімен семинар, тренинг	7-8 - сыныптар
14.12.23	Педикулездің алдын алу	әңгіме	6 - сыныптар
18.01.24	Темекі шегудің (электронды темекі) алдын алу	Презентация, әңгіме	7-11- сыныптар
14.02.24	Туберкулездің алдын алу	Диктант	5-9 - сыныптар
26.02.24	Жұқпалы аурулардың (қызылша, көкжөтел) алдын алу	әңгіме	5- сыныптар
11-18.03.24	Алғашқы көмек көрсету, жарақаттанудың алдын алу	әңгіме,көрнекі құрал	5-11- сыныптар
10.04.24	Көкжөтелдің алдын алу	әңгіме,көрнекі құрал СЭС қызметкерлері	6- сыныптар
29.04.24	Дұрыс тамақтану	Әңгіме	4-5- сыныптар
13.05.24	Фастфудтың зияны туралы	әңгіме	2-3 - сыныптар

ОҚУШЫЛАРДЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУ

Білім беру процесіне қатысушылардың сұраныстары бойынша жеке сабақтар (әңгімелер)

Оқу жылы	Білім беру процесіне қатысушы санаты			
	Оқушылар		Ата-аналар	
	Адам саны	Сабақ (әңгіме) саны	Адам саны	Сабақ (әңгіме) саны
2023-2024	115	295	21	21
	Барлығы: 136 адам, 316 сабақ (әңгіме)			

Жеке түзету-дамыту жұмыстарының нәтижелерін талдау сұраныстардың басым бөлігі келесі мәселелерге қатысты екені анықталды:

- үлгермеушілік;
- оқу мотивациясы қалыптаспаған;
- өзін-өзі бағалау мәселелері.

Ата-аналар жиналысында психологиялық әңгімелер мен сынып ұжымының психологиялық диагностикасына талдау жасалды.

Біздің мектебіміздің ерекшелігі - оқушылардың санының айтарлықтай көптігі, демек, сынып жиынтықтарының саны да көп: бастауыш мектепте -29, орта буында – 15, жоғары буында - 5 сынып. Мектепте-49 сынып бар.

Оқушылармен жүргізілетін топтық диагностикалық сабақтар

ДИАГНОСТИКА	Әдістеме атауы	Сыныптар	Тестілеуден өткен оқушылар саны
1	2	3	4
Кәсіби бағдар беру	Кәсіби ниеттерін мониторингтеу (2017 қазан)	9-сыныптар	39
	Кәсіби ниеттерін мониторингтеу (2018 мамыр)	11-сыныптар	13
	Жеке тұлғаның психоэмоционалды жағдайын тұрақтандыру әдістерін үйрету бойынша "Емтихандағы стрессті қалай жеңуге болады", "Болашаққа арналған жоспарлар"практикалық сабақтары	9,11 – сыныптар	52
	«Жұмысқа қабілеттілікті қолдау тәсілдері » «Стреске төзімділік» жеке және топтық әңгімелесулер	9,11 – сыныптар	52
	«Бәрі сенің қолыңда!»Психологиялық ойыны	11 - сынып	13
Оқытудың жаңа жағдайларына бейімделу мониторингі	Мектеп мотивациясының деңгейін бағалау (Лусканова бойынша)	1,5 - сыныптар	219
	Мектеп мотивациясының деңгейін бағалау	5 - сыныптар	94
	Мектептегі жетістіктерін өзін-өзі бағалау	1 - сыныптар	125
	Мектептегі эмоционалдық қатынас	1,5 - сыныптар	219
	Ұжымды біріктіруге арналған тренинг	1,5 - сыныптар	219

Тұлғалық қасиеттерін зерттеу	«Табыс мотивациясы және сәтсіздікке жол бермеу» дәрісі	6-8-сыныптар	171
	Томас әдісі «Қақтығыстағы мінез-құлық түрі»	6-8-сыныптар	171
Оқу мотивациясын зерттеу	Үлгерім мәселесін өзіндік диагностикалау	2 -сыныптар	171
	Оқу мотивациясының құрылымын диагностикалау	3,4 -сыныптар	205
	Бақылау	3,4 -сыныптар	205
	Әңгімелесу	3,4 - сыныптар	205
Тәрбие мониторингі Буллингке қарсы бағдарлама	Буллингтің алдын алу дәріс, әңгіме,тренинг	1 – 10-сыныптар	833

Диагностикалық жұмыстар жылдық жоспар бойынша, сонымен қатар мұғалімдердің, оқушылардың, ата-аналардың сұраныстарына сәйкес жүргізілді.

Психологтардың оқушылармен жүргізген тренингтері

Жұмыс бағыты	Сабақ тақырыбы	Сыныптар
Жоба қызметі	Жобалық қызмет негіздері	9 - сыныптар
Мектеп үлгерімі	«Оқу мотивациясы» тренингі	4-5 сыныптар
	«Оқу үлгеріміне өзіндік талдау» тренингі	
Тұлғааралық қатынастар	«Жасөспірімдік шақтағы қиындықтар» әңгімесі (Мен қандаймын? Тұлғаның өзін-өзі тануы)	4 – 6 сыныптар
	"Сынып ұжымының бірлігі" тренингі	1-5 сыныптар
	"Сыныпқа арналған іс-шаралар" әлеуметтік тренингі	6-8 сыныптар
	"Сыныптағы достық" тренингі	1 – 4 сыныптар

Оқу жылы ішінде пән мұғалімдерімен және 1-11 сынып жетекшілерімен тығыз қарым-қатынас жасалды:

- 5-сыныпқа бейімделу мониторингі, мониторинг қорытындылары бойынша консультациялар, мониторинг қорытындылары талқыланған шағын педагогикалық кеңес өткізілді;

- оқушылардың жеке істері мен "Параграфтағы" құжаттарды салыстыруға көмек көрсетілді;

- педагогтерге жас ерекшелік психологиясы мәселелері бойынша білім беріліп, жасөспірімдердің мінез-құлқындағы проблемалық жағдайлар бойынша кеңестер берілді;

Оқу жылы бойы "Психологиялық сүйемелдеу тобының" балаларымен және олардың ата-аналарымен жоспарлы жұмыс жүргізілді. Тәуекел тобындағы оқушылардың үлгерімі бақыланады. Диагностикалық жұмыс барысында балалармен жасына және жеке ерекшеліктеріне сәйкес түзету-дамыту жұмыстары жүргізілетін проблемалар анықталды.

Оқу жылында 1-11 сыныптар арасындағы психологтың жұмысы сүйемелденіп, 11-сыныптарда «Алғыс айту акциясы», «Шексіз тілек» «Ашық есік күні», «Ғарышкерлер күні» іс-шаралары, 1-сыныптармен «Біз- күн сәулесіміз» арт-терапиясы өткізілді.

1	Дарынды балалармен жұмыс жасау кезінде мұғалімдерге арналған ұсыныстар	Педагогикалық кеңес	Сатбаева Н.А. Елтайқызы Е.
---	--	---------------------	-------------------------------

Мектепшілік іс-шараларды ұйымдастыруға қатысу

1	09.04.2024	Ашық есік күні	Сатбаева Н.А. Елтайқызы Е.
2	01.03.2024	Алғыс айту акциясы	Елтайқызы Е. Сатбаева Н.А.
3	20.05.-24.05.2024	Шексіз тілек	Сатбаева Н.А. Елтайқызы Е.
4	09.04.2024	Ғарышкерлер күні	Елтайқызы Е. Сатбаева Н.А.
5	29.04.2024	1-сыныптармен «Біз- күн сәулесіміз» арт-терапиясы	Сатбаева Н.А. Елтайқызы Е.
6	3.06-31.07.2024	Жазғы лагерь 1-4 сезон	Сатбаева Н.А. Елтайқызы Е.

Әдістемелік материалдар

1	22.12.2023	Оқушылардың жобалық қызметін (жеке жобаларын) сүйемелдеу бойынша құжаттама әзірлеу	Елтайқызы Е. Сатбаева Н.А.
2	10.08.2023	Оқушылардың оқу мотивациясын қалыптастыру және өзін-өзі бағалауын арттыру бойынша түзету және дамыту сабақтарын әзірлеу	Елтайқызы Е. Сатбаева Н.А.
3	09.02.2024	Ата аналар жиналысы үшін сынып жетекшілеріне жасөспірімдер дағдарысы бойынша әдістемелік ұсыныстар әзірлеу	Елтайқызы Е. Сатбаева Н.А.

Қорытындылар:

Мектептегі тәрбие жұмысы жоғары деңгейде жүргізіледі және қазіргі заманғы талаптарға сәйкес келеді. Мектеп оқушылардың жеке басының жан-жақты дамуына және олардың табысты әлеуметтенуіне жағдай жасайды. Тәрбие жұмысын жетілдіру бойынша ұсыныстар оның тиімділігін арттыруға және одан да жоғары нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

2024-2025 оқу жылына арналған міндеттер:

- Тәрбие бағдарламасының барлық бағыттары бойынша жұмысты жалғастыру.
- Сыныптан тыс іс-шаралар мен қызығушылығы бойынша үйірмелердің ауқымын кеңейту.
- Тәрбие жұмысына ата-аналар мен қоғам өкілдерін көбірек тарту.
- Тәрбие жұмысында заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану.
- Тәрбие жұмысының тиімділігін жүйелі түрде бақылау және бағалау
-





ҚОРЫТЫНДЫ. ПЕРСПЕКТИВАЛАР

2024 – 2025 оқу жылына арналған міндеттер

Мектептің ОТЖ талдауы қойылған міндеттерді шешу бойынша педагогикалық ұжымның жүргізген өнімді жұмысын атап өтіп, оны қанағаттанарлық деп санайды.

2024 – 2025 оқу жылында мектеп алдына келесі мақсат пен міндеттерді қояды:

Мақсат:

оқушылардың танымдық іс-әрекетін және әлеуметтік белсенділігін дамытуға бағытталған заманауи технологияларды қолдану арқылы инновациялық білім кеңістігін қалыптастыру,

1. Қолжетімді және сапалы біліммен қамтамасыз ететін білім беру ортасын құру;
2. Педагогикалық кадрлардың технологиялық сауаттылығын кәсіби-құндылық бағдар, курстық және курсаралық дайындық жүйесі арқылы арттыруға жағдай жасау;
3. Мектепшілік бақылаудың тиімді жүйесін құру, оқу-тәрбие және әдістемелік мәселелерді жедел шешу;
4. Оқыту мен тәрбиелеудің инновациялық технологияларын практикаға кеңінен енгізу;
5. Ынталы және дарынды балаларға арналған даму кеңістігін қалыптастыру шеңберінде педагогтар мен оқу-әдістеме жұмысына қатысушылар арасында оңтайлы байланыс орнату;
6. Мектеп мұғалімдерінің озық педагогикалық тәжірибесін анықтау, жалпылау және оны тарату.